

Жаңа қоғамға өтудің,
қуатты мемлекет
құрудың негізгі
тетігі – саяси
тұрақтылық.

Нұрсұлтан
НАЗАРБАЕВ.

ИНДЕТПЕН КҮРЕС



«МЕН ЕКПЕ
АЛДЫМ!»

4

ТӘУЕЛСІЗДІК – 30



ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖОЛЫ:
30 ЖЫЛДЫҢ
30 СӘТІ

12-13

ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!



ХАЛЫҚ САНАҒЫ – 2021



«ҚАЗАҚСТАНДА
ӨРКІМ МАҢЫЗДЫ!»



www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >

Бақытжан САҒЫНТАЕВ:

ТАЗА СУМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ – БАСТЫ МАҚСАТЫМЫЗ



Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев кеше «Almaty TV» телеарнасының «Akimat LIVE» бағдарламасында мегаполистің инженерлік инфрақұрылымын дамытуға қатысты жобалардың онлайн таныстырылымын жасады. Тікелей эфирде өткен таныстырылым кезінде қала басшысы Алматының коммуналдық инфрақұрылымын дамыту және жаңғырту, су бұру және сумен жабдықтау, сондай-ақ қала көшелерін жарықтандыру мәселелері бойынша жобаларды ұсынып, атқарылатын шаруалармен таныстырды.

2-3

ОНЛАЙН ТАПСЫРЫС ЖАЛҒАСУДА



Құрбан айттың алғашқы екі күнінде көмекке мұқтаж 1500 алматылық құрбандыққа шалынған малдың етін алды.

Құрбан айтты мерекелеудің карантиндік шараларының сақталуы қатаң бақылануда. Соңғы күндері құрбандық шалу үшін сырттан тасымалданған 600-ден астам мал басы қалаға кіргізілмеді. Себебі, шаһарда мал сою цехтарының жұмысына, жаппай іс-шаралар, ұжымдық намаз, сондай-ақ мал

әкелуге тыйым салынған. Рәсімді тек діни қызметкер мен сенімді адамдар арнайы бөлінген жерде өткізеді. Басқа азаматтар qurban2021.kz сайт арқылы онлайн-режимде құрбандық шалу рәсіміне тапсырыс бере алады. Қасиетті мерекеге орай, бір жарым күннің ішінде мұқтаж 1453 адамға құрбандыққа шалынған малдың еті таратылды.

(Жалғасы 4-бетте).

ҚЫСҚА...

- «Ashyq»-та «қызыл» мәртебесі бар қазақстандықтардың аты-жөні енді БАҚ-та жарияланады.
- Алматылықтардың 91 пайызы орталықтандырылған сумен қамтылған.
- «Жаңа Алматы» кешенді жоспары аясында 140 шақырым су бұру желілері салынады.
- Алматидан Маңғыстау мен Семейге қосымша пойыздар жүреді.
- Мегаполисте ескі үйлердің орнына 183 пәтерлік үш кешен салынып жатыр.
- Қаладағы 40 мониторингтік топ жаңа бағытта жұмыс істейді.



ТАЗА СУМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ –

Соңы. Басы 1-бетте.

Бағдарламаның өткен эфирінде Бакытжан Әбдірұлы вакцина алу қарқынын арттыру арқылы індетке қарсы тұра алатынымызды айтып, тікелей эфир үстінде біршама тұрғынның сұрақтарына жауап берген еді. Бұл жолы тұрғындар үшін өзекті мәселелердің бірі болып табылатын – су және кәріз желілерінің құрылысы сөз болды.

Тікелей эфир кезінде әкім қалалықтардың өмірін жақсарту үшін Алматыда жүздеген шақырым су желілері салынатындығын айтты. Одан кейін шаһар басшысы қалаға қосылған шағынаудандарда инженерлік инфрақұрылымның біркелкі дамымай отырғанын, олардың мүлдем болмағанын немесе жекеменшікте екенін айтты. Сондықтан қалаға қосылған аумақтарда инженерлік инфрақұрылымды дамытуға ықпал ететін «Жаңа Алматы» кешенді даму жоспары қабылданып, жүзеге асуда.

Кәріз желілерінің 60%-ға жуығы тозған

Бүгінде Алматы сумен жобалық қуаты тәулігіне 1 миллион 377 мың текше метрді құрайтын 6 негізгі су көздерімен қамтамасыз етілуде. Бұлар – Үлкен және Кіші Алматы, Ақсай, Қарғалы өзендері (тәулігіне 286,6 мың текше метр немесе 21%), сондай-ақ Алматы және Талғар жерасты (376 скважина, тәулігіне 1 090,5 мың текше метр немесе 79%) су көздері. Оның үстіне, қала тұрғындарының нақты тұтынатын су көлемі 650 мың текше метрді құрайды. Резерв – тәулігіне 700 мың текше метр су.

Қалада орталықтандырылған сумен жабдықтауға 1,8 млн. тұрғын қол жеткізді. Бұл қалалықтардың жалпы санының 91%-ын құрайды. Жеке скважиналар алматылықтардың 7%-ын сумен қамтамасыз етіп отыр. Бұлар – Медеу, Наурызбай, Алатау, Түркісіб және Жетісу аудандарында тұратын 138,2 мың тұрғын.

Сумен жабдықтау желілерінің ұзындығы 3,6 мың шақырымды құрайды, оның 59%-ы тозығы жеткен, пайдалану мерзімі 30 жылдан асқан және апаттық үлесі жоғары су құбырлары. Қолданыстағы желілердің басым бөлігі кеңес жылдарында салынған және 90-шы жылдары елдегі экономикалық жағдайға байланысты тиісті қызмет көрсетілмеген. Кәріз желілерінің ұзындығы 1,8 мың шақырым, 60%-ға жуығы тозған.

2020 жылы «Ақбұлақ», «Алғабас», «Әлмерек», «Ақжар», «Боралдай», «Думан», «Құрамыс», «Қарғалы», «Кемел», «Көлсай», «Қайрат», «Көкшөк», «Мұзтау», «Нұршашқан», «Самғау», «Таужолы», «Тастыбұлақ», «Шұғыла» шағынаудандарына, сондай-ақ Жетісу ауданының 89 көшесіне 160 шақырым су құбыры және 140 шақырым кәріз желілері салынды. Бұларға 60 мыңға жуық жеке үй қосылады.

23 мың үй жаңа желілерге қосылады

Сумен үздіксіз жабдықтауды қамтамасыз ету үшін өткен жылы 14,6 шақырым сумен жабдықтау және 1,8 шақырым судан бөлу желілері реконструкцияланды.

Жоғарғы аймақтарда сумен жабдықтау көздерінің тапшылығына орай Наурызбай ауданында тәуліктік қуаты 15 мың текше метр болатын «Қарғалы» су жинайтын құрылымы салынуда. Жобаны жүзеге асыру «Қарғалы», «Қарағайлы», «Таусамалы», «Құрамыс», «Тастыбұлақ» шағынаудандарындағы 35,5 мың тұрғынды сумен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Тәуліктік қуаты 22 мың текше метр болатын «Ақсай» су жинайтын нысанның ЖСҚ-ын әзірлеу де аяқталуға жақын. Жоба «Тастыбұлақ», «Ақжар», «Таужолы», «Шұғыла» шағынаудандарының 40 мың тұрғынын сумен қамтамасыз етеді.

Сондай-ақ, тәуліктік қуаты 9 мың текше метр болатын «Ерменсай» су жинайтын нысанның ЖСҚ әзірлеуді аяқтау жоспарлануда. Бұл Бостандық ауданының «Нұрлытау», «Нұралатау», «Ремизовка» ықшамаудандарының оңтүстік-шығыс бөлігіндегі 22 мың тұрғынды қамтамасыз етеді.

Қазіргі кезде «Әлмерек», «Алғабас», «Ақжар», «Әйгерім-1, 2», «Боралдай», «Құрамыс», «Кемел», «Қайрат», «Көкшөк», «Қарасу», «Көлсай», «Каменка үстірті», «Нұршашқан», «Төменгі Пятилетка», «Теректі», «Таусамалы», «Таужолы», «Жас қанат», «Өжет», «Шұғыла», «Шапағат», «Шаңырақ-1», «Мұзтау» сынды 23 ықшамаудандарында және Жетісу ауданының 89 көшесінде ұзындығы 170 шақырым болатын су



құбырлары желілерінде құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізілуде. Жыл соңына дейін 23,2 мың үйді жаңа желілерге қосу жоспарлануда. Алдағы 2 жылда тағы 36,5 мың үйді сумен қамту жоспарланған.

«Жаңа Алматы» кешенді жоспарын іске асыру аясында 24 ықшамауданда 140 шақырым су бұру желілері салынады. Биыл 23 мың үйді жаңа желілерге қосу жоспарлануда. 2022–2024 жылдары 36,7 мың үйді қосу жоспарланған.

Қарғалыда сүзгі станциясы салынуда

Бұлардан бөлек, Наурызбай ауданындағы мыңдаған тұрғындар биыл орталықтандырылған сумен жабдықтау және судан бұру жүйелеріне қол жеткізе алады. Бүгінде 156,1 мың адам тұратын Наурызбай ауданы орталықтандырылған қалалық сумен жабдықтау жүйесімен 51,6% (80,6 мың тұрғын) қамтылған. Аудан халқының тағы 24,1% (37,6 мың тұрғын) суды жеке скважиналар мен желілерден алады. Тасымалданатын сумен 37,9 мың тұрғын (24,3%) қамтылған.

2020 жылдан бастап «Құрамыс», «Таужолы», «Ақжар», «Қарғалы», «Жайлау», «Шұғыла», «Тастыбұлақ» және «Таусамалы» сынды 8 шағынауданда сумен жабдықтаудың және судан бұрудың жаңа желілерін тарту бойынша құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізілуде. Сондай-ақ, Қарғалы өзенінде сүзгі станциясы салынуда. 5 шағынауданда коммуникация тартылды, жол жамылғысы қалпына келтірілуде, тұрғындар өз үйлерінен магистральды кәріз желілеріне қосуды жүргізеуі салдарынан жұмыс кешеуілдеуде.

Өткен жылы «Тастыбұлақ», «Қарғалы», «Жайлау» шағынаудандарында 54 шақырым су құбыры және 30,5 км судан бұру желілері салынды. Жаңа желілерге 13 мың адам қосылды. Батыс кәріз коллекторының 33 шақырым құрылысының ТЭН және ЖСҚ жасалды.

Биыл 5 ықшамауданда – «Шұғыла», «Ақжар», «Құрамыс», «Таусамалы», «Таужолында» 66,5 шақырым су құбыры мен 45,3 шақырым су бұру желілерін салу жоспарланған. Құрылыс-монтаж жұмыстар 2021 жылдың желтоқсанында аяқталады. 2021 жылдың бірінші жартыжылдығында сумен жабдықтаудың 48,9 шақырым (73%) құбыр және 30,5 шақырым кәріз желілері (67%) салынды. Атап айтқанда, «Ақжар» ықшамауданында 21 мың адам тұрады және мұнда 5,5 мың үй бар, өткен жылы 8,5 шақырым су құбыры, 6,7 шақырым су бұру желілері салынды. Биыл 10,5 шақырым сумен жабдықтау және 9 шақырым су бұру желілері салынады деп жоспарлануда. Ықшамауданда құбыр тарту қарқыны қиыңға соғуда. Өйткені, көшелер тар әрі тастар үлкен. Жұмыс қарқынын ескере отырып, Дәулеткерей мен Бекішев атындағы екі магистральды көшеге құбыр тарту келер жылы аяқталады.

Сумен жабдықтау жүргізіліп жатыр

«Құрамыс» ықшамауданында 14,5 мың адам тұрады. Мұнда 3,8 мың үй бар. 7,5 шақырым су құбыры мен 5,5 шақырым су бұру желілерінің құрылысы аяқталды. Биыл 2,8 шақырым су құбыры, 2,1 шақырым су бұру желілері салынады деп жоспарлануда.

«Шұғыла» ықшамауданында 4 шақырым су құбыры мен 1 шақырым су бұру желісінің құрылысы аяқталды. Ағымдағы жылы 9,1 шақырым су құбыры, 6,5 шақырым су бұру желілері салынады деп жоспарлануда. Барлық құрылыс-монтаж жұмыстары 2022 жылдың соңына дейін аяқталады. Жаңа желілердің ұзындығы 20,6 шақырым құрайды. Оны «Шұғыла» ықшамауданының 22 мың тұрғыны пайдалана алады, мұнда 750 үй бар.

Өткен жылы «Тастыбұлақ» ықшамауданының төмен бөлігіндегі Жандосов көшесінің солтүстігіне қарай 32,6 шақырым сумен жабдықтау және 10,4 шақырым су бұру желілерінің құрылысы аяқталды. Жаңа желілермен 4,5 мың тұрғын қамтылған, мұнда 1730 үй бар. «Тастыбұлақ» ықшамауданының жоғары бөлігінде 19,4 шақырым су құбыры, 8 шақырым су бұру желілерінің құрылысы аяқталды. Мұнда 6,6 мың адам тұрады және 890 үй бар. Сумен жабдықтау желілерін пайдалануға беру «Ақсай» және «Қарғалы» су жинайтын нысандардың құрылыстары іске қосылған соң мүмкін болмақ.

«Таусамалы» ықшамауданында 33,9 шақырым су құбыры, 9,6 шақырым су бұру желілерін салу жоспарланған. 3,2 мың үй бар ықшамауданның 12,2 мың тұрғыны желілерге қолжеткізеді.

«Таужолы» ықшамауданында 3 мың адам тұрады, 4 мың үй бар. Мұнда 10 шақырым су құбыры және 3,5 шақырым су бұру желілері салынды. Биыл 5,3 шақырым желі салу жоспарланған, оның ішінде 3,9 шақырым сумен жабдықтау, 1,4 шақырым судан бұру.

«Жайлау» ықшамауданында 2,2 мың адам тұрады және 810 үй бар, 6 шақырым судан бөлу желілері салынған. Биыл 1,8 шақырым судан бөлу желісінің құрылысы жоспарланған.

Жалпы, «Таусамалы» ықшамауданындағы 3,2 мың үйде тұратын 12,2 мың адам жаңа су желілеріне қосылады.

Наурызбай ауданында 78,3 шақырым сумен жабдықтау желілері («Ақжар», «Құрамыс», «Тастыбұлақ» (төменгі), «Тастыбұлақ» (жоғарғы), «Таужолы», «Шұғыла» шағынаудандары) салынады. Сондай-ақ, 19,6 шақырым судан бұру желілері («Ақжар», «Құрамыс», «Таужолы», «Шұғыла» шағынаудандары) салынбақшы.

ЖСҚ-ға сәйкес сумен жабдықтау және су бұру жұмыстары 2022-2023 жылдары жалғасады. Биыл «Таусамалы» ықшамауданындағы 12,2 мың тұрғын (3200 үй) сумен жабдықтаудың жаңа желілеріне қосылады.

Әр ауданға – сапалы ауызсу


Мегapolis басшысы Түркісіб, Медеу және Бостандық аудандарының жаңа шағынаудандарындағы инженерлік коммуникация құрылыстарының қарқыны туралы да хабарлады.

Түркісіб ауданында 245,6 мың адам тұрады. Сумен жабдықтау және су бұру желілерінің ұзындығы 772 шақырым құрайды, оның ішінде сумен жабдықтау желілері – 534,9 шақырым, кәріз желісі – 237 шақырым. Биыл «Әлмерек», «Қайрат», «Нұршашқан» ықшамаудандарының 12 мың тұрғыны (2814 үй) жаңа сумен қамту желілеріне қосылады.

2022-2023 жылдары 2 шағынауданның («Төменгі Пятилетка», «Жас қанат») тағы 15,3 мың тұрғыны (4 609 үй) суға қосылады. Сондай-ақ, биыл 2 ықшамауданның («Қайрат», «Нұршашқан») 8,5 мың тұрғынын



ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ : сумен жабдықтауға қол жеткізу





БАСТЫ МАҚСАТЫМЫЗ

(1995 үй) жаңа кәріз желілеріне қосу жоспарлануда. 2022-2023 жылдары тағы 3 шағынауданның («Әлмерек», «Төменгі Пятитетка», «Жас қанат») 18,8 мың тұрғыны (5 428 үй) суға қосылады.

Медеу ауданында 220,6 мың адам тұрады. Ауданда 841,7 шақырым сумен жабдықтау және су бұру желілері бар, оның ішінде сумен жабдықтау желілері – 616,3 шақырым, кәріз желілері – 225,4 шақырым. Аудан тұрғындарының 98,3% орталықтандырылған сумен қамтамасыз етілген.

Биыл «Думан», «Көлсай» ықшамаудандарының 5 мың тұрғыны (1448 үй) сумен жабдықтаудың жаңа желілеріне қосылады. 2022-2023 жылдары «Көлсай» және «Тасты қырат» ықшамаудандарының тағы 5,5 мың тұрғыны (1429 үй) желіге қосылады. Сонымен қатар, «Думан» және «Көлсай» ықшамаудандарының 6,2 мың тұрғынын (1698 үй) судан бұрудың жаңа желілеріне қосу жоспарланған. 2022-2023 жылдары «Тасты қырат» шағынауданының тағы 4,3 мың тұрғыны (1 179 үй) судан бұру желісіне қосылады.

Өткен жылы Медеу ауданының 4 ықшамауданында 92,1 шақырым желі («Думан», «Мұзтау», «Көлсай», «Каменское плато») салынды, оның ішінде су құбыры – 51,8 км, су бұру желілері – 40,3 шақырым. Қазіргі уақытта «Думан» ықшамаудандарында жаңа желілерге 2 956 тұрғынды қамтитын 790 үй қосылған.

«Каменское плато» ықшамауданында және Халиуллин көшесінде ұзындығы 17,4 шақырым су бұру желілерінің құрылысына ЖСҚ әзірленді.

Ағымдағы жылы 3 ықшамауданда («Мұзтау», «Көлсай», «Каменское плато») ұзындығы – 47,9 шақырым, оның ішінде су құбыры желілері – 33,4 шақырым, кәріз желілері – 14,5 шақырым құрылыс 2021 жылдың желтоқсан айында аяқталады.

М.Шоқай көшесі бойынша ұзындығы 5,1 шақырым су құбыры желілерінің, 7,4 шақырым кәріз желілерінің құрылысына ЖСҚ әзірленуде. Қазіргі уақытта 3 ықшамауданда («Көлсай», «Мұзтау», «Каменское плато») желілер құрылысы жүргізілуде, оның ішінде 17,9 шақырым су құбыры желілерінің, 14,5 шақырым кәріз желілерінің құрылысы аяқталды.

3 ықшамауданда («Көлсай», «Мұзтау», «Каменское плато») жаңа желілер салу қосымша тағы 5800 тұрғынды сумен қамтуға мүмкіндік береді.

Су және кәріз бойынша шағымдардың 12%-ы Медеу ауданына тиесілі, оның ішінде су мәселесі бойынша – 79%, кәріз жүйесі бойынша – 21%-ды құрайды.

Бостандық ауданында 360 мың адам тұрады, оның ішінде 347,6 мың тұрғын немесе 96,6% орталықтандырылған сумен жабдықталған.

Су көзін табу – үлкен мәселе

Жаңадан қосылған ықшамаудандардың негізгі мәселесі – су алу көзінің болмауы. Су мен кәрізге қатысты шағымдардың 9%-ы Бостандық ауданына қатысты, оның 93%-ы – су мәселесі бойынша, ал кәріз мәселелері бойынша – 7%. Қазіргі кезде тәуліктік сыйымдылығы 9 мың текше метр болатын «Ерменсай» су жинау нысанының жобасы сараптамадан өтуде. Бұл жоба «Ерменсай», «Нұрлытау», «Нұралатау», «Ремизовка» ықшамаудандарының 22 мың тұрғынын сумен қамтамасыз етеді. «Нұрлытау», «Хан Төңірі» ықшамаудандары мен Дулати көшесінің бойына ұзындығы 97 шақырым болатын инженерлік желілер салу жобасы жасалуда.

Алатау ауданында 88,9 шақырым сумен

жабдықтау желілері («Әйгерім 1-2», «Алғабас», «Боралдай», «Қарасу», «Теректі», «Шаңырақ-1» ықшамаудандары) салынады.

73,7 шақырым су бұру желілері («Әйгерім 1-2», «Алғабас», «Боралдай», «Қарасу», «Өжет», «Теректі», «Шаңырақ-1», «Шапағат» ықшамаудандары) салынады. Өткен жылы «Шапағат», «Өжет», «Самғау» (шығыс бөлігі), «Ақбұлақ» ықшамаудандарында 70,5 шақырым су құбыры және 53,9 шақырым су бұру желілері салынды. 18,6 мың адам тұратын 4345 үй жаңа желілерге қосылды.

Ағымдағы жылы «Қарасу», «Алғабас», «Боралдай», «Шаңырақ-1», «Ұлжан-1», «Әйгерім» ықшамаудандарында 83,4 шақырым су құбыры және 70,2 шақырым су бұру желілерінің құрылысы жоспарланған.

Су және кәріз бойынша шағымдардың 22 пайызы Алатау ауданына тиесілі, оның ішінде суға қатысты мәселелер – 71%, кәріз мәселелеріне 29 пайыз тиесілі.

Биыл Алатау ауданындағы сумен жабдықтаудың жаңа желілеріне 6 ықшамауданда («Ақбұлақ», «Алғабас» (1 кезек), «Боралдай», «Самғау» (батыс бөлігі), «Өжет», «Шапағат») 34 мың тұрғын (6011 үй) қосылады. 2022–2023 жылдары суға 5 ықшамауданның («Алғабас» (2 кезек), «Әйгерім-1, 2», «Қарасу», «Теректі», «Шаңырақ-1») 49,5 мың тұрғыны (9348 үй) қосылады.

Сондай-ақ, биыл жаңа су бұру желілеріне 3 ықшамауданның («Ақбұлақ», «Боралдай», «Шапағат») 17 мың тұрғынын (2898 үй) қосуды жоспарлап отырмыз. 2022–2023 жылдары суға 8 ықшамауданның («Алғабас» (1-кезек), «Алғабас» (2-кезек), «Әйгерім-1, 2», «Қарасу», «Самғау» (батыс бөлігі), «Теректі», «Өжет», «Шаңырақ-1») 66,5 мың тұрғыны (12 461 үй) қосылады.

Сонымен бірге, Жетісу ауданында биыл 30,9 мың адам сумен жабдықтаудың жаңа желілеріне қосылады. Олар 9688 үйде тұрады. 2022-2023 ж.ж. «Кемел» ықшамауданындағы 6300 үйде тұратын тағы 22,8 мың тұрғын сумен жабдықтауға қосылады.

Өткен жылы Райымбек даңғылының солтүстігіне, Казаков көшесінің батысына қарай – Бродский, Рысқұлов даңғылының оңтүстігіне, Соқпақбаев көшесінің шығысына қарай 23,1 шақырым сумен жабдықтау және 10,1 шақырым кәріз желілері салынды.

«Кемел» ықшамауданының батыс жағында ұзындығы 78,85 шақырым болатын желілерді салудың ЖСҚ жасалды, оның 60,4 шақырым сумен жабдықтауға және 18,4 шақырым кәріз желілеріне тиесілі.

Ағымдағы жылы 118,4 км желі құрылысы жоспарланған, оның ішінде су құбыры – 84,5 шақырым, кәріз – 33,9 шақырым. Жоспарды 2021 жылы желтоқсанда аяқтау көзделген. Қазіргі уақытта 54,4 шақырым су құбыры желілерінің, 26,1 шақырым су бұру желілерінің құрылысы аяқталды.

Су және кәріз бойынша шағымдардың 7%-ы Жетісу ауданына тиесілі, оның ішінде суға қатысты мәселелер – 73%, кәріз мәселері – 27%.

Осы мәселелердің маңыздылығы мен өзектілігіне байланысты Алматы әкімдігі қала халқын таза ауызсумен және сапалы қызметтермен қамтамасыз ету үшін барлық қажетті іс-шараларды жасауда, – деді қала әкімі Бақытжан Сағынтаев.

Тікелей эфир барысында қала әкімі Бақытжан Сағынтаев алматылықтарды толғандырған барлық сауалдарға жауап берді.

Сұрақ: – Әлемде су тапшы болып, үлкен мәселе ретінде көтеріліп жатыр. Қазір тіпті, судың көзін таба алмай жүргендер де бар. Бүгінгі күні Алматыда 3 бірдей су станциясы салынып отыр. Мәселен, мына «Қарғалы» су станциясы іске қосылмақшы. Одан кейін «Ерменсай», «Ақсай» су көздерін салу жоспарланып отыр. Бұл

да бір болашақтың кепілі секілді. Алайда, қаламызда халық саны күн сайын өсіп жатқанын ескерсек, 5 станция жеткілікті бола ма? Тұрғындар ауызсудан қиналып қалмай ма? Қалай ойлайсыз?

Б.Сағынтаев: – Бүгінгі күнгі біздің даму жоспарымыз бойынша жеткілікті болады деп ойлаймын. Себебі, жасалынып жатқан «Қарғалы», «Ерменсай», «Ақсай» су көздерінің күші артығымен есептеліп жатыр. Мысалы, «Ақсай»-дағы су көзімен біз тек өзіміздің аудандарды ғана емес, Алматы облысына қарасты біраз елдімекендерді қамтитын боламыз. Сондықтан да алдағы уақытта су тапшылығы қаламызда орын алмайды деп нық сеніммен айта аламыз.

Сұрақ: – Осыншама қыруар шаруалар атқарылып, жаңа су құбырлары жүргізіліп жатыр. Ал сол су құбырларынан жүретін судың таза болуы қаншалықты қадағаланып отырады?

Б.Сағынтаев: – Бұл – өте үлкен мәселе. Қазіргі таңда Наурызбай ауданында да осы мәселе туындап жатыр. Оның бәрі су көздеріне байланысты. Мысалы, біз суды ашық бұлақтан аламыз ғой, ағып жатқан өзендер арқылы. Ал егер олардың фильтрі жоқ болса, тазалап үлгерсе алмайды. Сол себептен, Ақсайдан жоғары қарай 3500 мың шақырым бұлақтан суды тартуды жоспарлап отырмыз. Екіншіден, біздің жерлердің тозығы жетуі суға әсерін тигізіп жатыр. Әрине, егер де біз осы шаралардың алдын алатын болсақ, судың мөлдір де таза болатыны айдан анық. Болашақта бұл мәселе өз шешімін тауып, тұрғындарды таза ауызсумен қамтамасыз ететін боламыз.

Сұрақ: – Осы уақытқа дейін қаламызда ауызсу бойынша қандай шаралар жүзеге асырылды?

Б.Сағынтаев: – 2020 жылы 160 шақырым су құбыры желісінің құрылысы аяқталды. Бұл қосылған аумақтарды ішінара ауыз сумен қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. «Думан» мен «Ақбұлақ» шағынаудандарында 88,9 шақырым су құбыры желісі пайдалануға берілді. Бұл шағынаудандардағы жаңа желілерге қазірдің өзінде 1,5 мың үй қосылған. 3 жыл ішінде жаңа желілерге 58,2 мың үйді қосу жоспарлануда. Толық қосылған кезде жаңа су құбыры желілерімен қамту 59,7 мың үйді құрайды. Сондай-ақ, бірқатар шағынаудандарда өткен жылы 140 шақырым кәріз желілерінің құрылысы аяқталды. «Думан» және «Ақбұлақ» шағынаудандарында 48,7 шақырым кәріз жүйесі пайдалануға берілді. Бұл 761 үйді жаңа желілерге қосуға мүмкіндік берді.

Сұрақ: – Алдымыздағы жылға қандай міндеттер қойылды? Біздің аудан тұрғындарының көкейінде жүрген мәселелер алдағы уақытта шешіле ме?

Б.Сағынтаев: – Бостандық ауданының оңтүстік-шығыс бөлігінің 22 мың тұрғынын қамтамасыз ету үшін қуаттылығы тәулігіне 9 мың текше метр «Ерменсай» су тарту бойынша ЖСҚ аяқтау жоспарлануда. Сондай-ақ, қазіргі уақытта 23 шағынауданда ұзындығы 170 шақырым су құбыры желілерінің құрылыс-монтаждау жұмыстары жүргізілуде. Ағымдағы жылы 12 шағынаудандағы жұмыстарды аяқтау жоспарлануда. Сонымен қатар, жыл соңына қарай 23,2 мың үйді жаңа желілерге қосуды жоспарлап отырмыз.

2021 жылы 5 шағынауданда жаңа құрылыс басталды. 2022–2024 жылдарға қарай жаңадан 36,5 мың үйді қосу жоспарланған.

Қала басшысы Бақытжан Сағынтаев сөзінің соңында алдағы уақытта да инфрақұрылымдық дамуға ерекше назар аударылатынын айтты. «Ағынды сулар мен кәріз желісі – бүгінгі алға қойған мәселелердің маңыздысы болып табылады. Таза су – денсаулығымыздың кепілі. Сондықтан қаланың кез келген аймағында орналасқан үйлерді таза сумен қамтамасыз ету – басты мақсатымыз. Стратегия бекітілген кезде «қала шеті» болмасын деп көрсетілген. Сол себепті, біздің жұмысымыздың басты бағыты да – осы, – деп қорытындылай келе, шаһар басшысы аталған мәселелердің маңыздылығы мен өзектілігіне орай, Алматы әкімдігі қала тұрғындарын таза ауызсумен және сапалы қызметтермен қамтамасыз ету үшін қажетті іс-шаралардың барлығын жасайтынын айтты.

Дайындағандар:
Әсел ДАҒЖАН,
Айжан БҮРКІТБАЕВА,
Гүлжанат СЕМБАЕВА,
Ақтолық ТҮРЛЫҒАЗЫ.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



Алматыда

1500-ге жуық отбасыға құрбандыққа шалынған малдың еті үлестірілді.



Биыл «Бақытты отбасы» орталықтарының қызметін

24 000-нан астам алматылық пайдаланды.



Ағымдағы жылы «Бюджетке қатысу» жобасының жалпы сомасы

7,4 млрд. теңгеге дейін ұлғайтылды.



Мегаполисте

83

арнаулы орта оқу орны бар.




Алматыдағы арықтардың жалпы ұзындығы

1525 шақырымды құрайды.



ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ : Су құбыры



Желілердің ұзындығы-3,6 мың км орташа тозу 58,9%. Мерзімі 2 мың км 30 жылдан астам пайдалану

Апаттар саны 2021 жылдың 1 жартыжылдығы 984 жағдай (2020 жылдың 1 жартыжылдығы, 1 310 жағдай)



QAZAQSTAN30

Тәуелсіздіктің мен үшін маңызы...

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ

Назира БАЙЫРБЕК,
журналист, «Болашақ» бағдарламасының түлегі:

ТӘУЕЛСІЗДІК – ТӘУЕЛДІ БОЛУМЕН ЕРЕКШЕЛЕНЕДІ



Кішкентай күнімде ауылда көшеде тұрған электр ток сымдары байланған бағаналарға қарап, «осылар қалай құламай тұрады?» деп таңғала беретінмін. Айналасын төрт жағына шеге қағып, сыммен керіп қояды ғой. Ол не үшін деп түсінбейтінмін. Кейін білсем төрт жағынан сыммен тартып, керіп қойса әлгі бағана бір жағына қарай қисайып, құламайды екен ғой. Төрт жағы теңдей тұрады. Өйткені, төрт жақтан керілген.

Адам да кейде сол бағана сияқты. Оны катаятып, адастырмай ұстап тұратын нәрсе ол – жауапкершілік. Жан-жақты жауапкершілік бізді құлатпай, адастырмай тік жүруге ықпалдасады. Айтайын дегенім, 100 пайыз тәуелсіз адам болмайды. Біз жауапкершілігімізге, жақсы көретін адамдарымызға, арман-мақсаттарымызға, ойларымыз бен сезімдерімізге, ең бастысы иманымызға тәуелдіміз. Мемлекеттің тәуелсіздігі дәл солай.

Бірақ сол тәуелділікке өз еркінмен, қиналмай, мәжбүрленбей бой ұсынатын күйде болсаң – соның өзі бақыт. Ал бұл бақытқа жету үшін жұмыс орнында ерікті түрде табысты болуға мотивация беріп отыратын басшы, не сондай жүйе, қоғамда ойынды еркін айтып, еркін таңдау жасай алатын мүмкіндік, алдында көбірек таңдау болуы керек. Сонымен бірге, тәуелсіздіктің жауы, тәуелсіздікті тұсаулайтын екі нәрсе – елдің пікірі мен көзқарасына және материалдық игілікке тәуелді болу. Бұл екеуі де бізді аянышты халге түсіреді. Сондықтан қайрат танытып, биік санаға және табысты еңбекке ұмтыла отырып, тәуелсіздігімізді ішкі санамызбен биік бағалай білуіміз керек.

Назерке НҮРДАРХАНҚЫЗЫ,
«Болашақ» бағдарламасының түлегі:

АЛАШТЫҢ АЗАТТЫҒЫ ЖАСАЙ БЕРСІН!



Тәуелсіздік барша қазақстандық үшін ерекше маңызға ие құндылық деп ойлаймын. Себебі, азаттығымыздың арқасында салт-дәстүрімізді, діліміз бен дінімізді түгендеп, шекарамызды сызып, еркіндікке бастау алдық. Тәуелсіздік бұл – бабалар аңсағанына ұрпақтарының қол жеткізген кезеңі. Тарих тұрғысынан алғанда, отыз жыл – көзді ашып жұмғандай қас-қағым сәт.

Тәуелсіздік – еліміздің ең басты мерекесі. Қазақстанның жаңа дәуірде қол жеткізген барлық табысының қайнар көзі – Тәуелсіздік. Тәуелсіз ел болғандығымыздың арқасында ғана Қазақстанның сөзі мен ісін бүкіл әлем таныды. Тәуелсіздік – жастардың өз таңдауын жасауына мүмкіндік берді. Мен, мысалы, елімізде алған біліммен шет елде тәжірибе алмасуға, қалауыммен киініп, дінімізді еркін ұстануға мүмкіндік алдым. Тәуелсіздіктің маған берген ең үлкен сыйы – еркіндік. Елімізде жастардың дамуына, білімін жетілдіруіне, өсуіне, өркендеуіне үлкен мүмкіндік бар. Сондықтан да рахмет саған, тәуелсіз Қазақстан!

Айнұр ҚАЗЫКЕН,
әлеуметтік ғылымның PhD докторы:

ТӘУЕЛСІЗДІК – САРҒАЙЫП КҮТКЕН САҒЫНЫШ



Тәуелсіздіктің арқасында дүниенің бір бұрышында қазақ деген халықтың үлкен істер тындыра алатын өресі мықты, өрісі кең халық екенін әлем білді. Мен осындай тәуелсіз, Азияның кіндігінде орын тепкен, картадан ойып орын алған, ұлан-байтақ жердің иесі «қазақ» деген ұлы халық перзенті болғанымға мақтанамын. Тәуелсіздік бізге оңай болған жоқ және оны алу үшін екі жүз жылдан астам уақыт қажет болды. Отан үшін және оның болашақ гүлденуі үшін күресте көптеген адамдар құрбан болды. Қазір жаңа ғасырда ел тәуелсіздігіне жаңа ұрпақ тірек болуда. Осындай зор мүмкіндікті пайдаланып жастар оқып, білім нәрімен сусындауы керек. Сонда біз Қазақстанға көп пайда әкелеміз, өйткені біздің елімізге білімі мен білігі бар адамдар қажет. Жалпы, біз «тәуелсіздік маған не берді» емес, «біз тәуелсіздікке не бердік» деген сұраққа жауап іздеуіміз керек. Себебі, тәуелсіздік бізге бірдеңе беруге міндетті емес. Тәуелсіздіктің өзі – қазақ еліне берілген үлкен сый. Сол сыйды құрметтеп, тәуелсіздік үшін біз қызмет етуіміз керек.

Әзірлеген А.ШАЛАБАЙҚЫЗЫ.

ОНЛАЙН ТАПСЫРЫС ЖАЛҒАСУДА

Әсел
ДАҒЖАН

Жалғасы. Басы 1-бетте.

Алматы қаласы бойынша полиция мен ветбақылау бекеттері ашылған. Олар қалаға мал әкелуге тырысқандардың әрекеттеріне жол бермеуде. Бұл мегаполистің Бас санитар-дәрігерінің Айт күндері мал союға әрі сатуға тыйым салуымен байланысты. Өйткені, құрбандық шалу рәсімі адам көп жиналумен өтеді. Бұл коронавирус инфекциясының таралуына әкелуі мүмкін.

ҚР АШМ Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Алматы қаласы бойынша аумақтық инспекциясының деректері бойынша кезекшілік кезінде инспекция қызметкерлері 16–20 шілде аралығында қаладан тыс жерде 31 ірі қара мал, 571 ұсақ мал және 3 жылқыны кері қайтарды.

ҚАУІПСІЗ АУЛА

қала тыныштығының кепілі

Айжан
БҮРКІТБАЕВА

Бейнебақылау – қылмыс пен құқықбұзушылықты азайтуға арналған тиімді әдістердің бірі. Алматы қаласында жыл басынан бері орнатылған камералардың көмегімен 1,5 мыңға жуық қылмыс ашылған. Ал үйлердің аулаларына орнатылған бейнебақылау өткен жылы 4309 қылмысқа тосқауыл болды.



Жергілікті полиция қызметі басқармасының хабарлауынша, шаһарда «Қауіпсіз аула» бағдарламасы аясында 122 мың бейнекамера орнатылған. Атап айтқанда, көпқабатты үйлердің ауласында 33 757, жеке секторларда 33 014, тыныш аймақ саналатын аудандарда 4210 бейнебақылау бар. Бүгінде қаланың бейнемониторинг жүйесіне сәйкес «Қауіпсіз аула» бағдарламасы негізінде бейнекамералар санын көбейту жоспарлануда.

Алматы қаласы Әуезов ауданында орналасқан тұрғын үйлердің бірінің ПИК төрағасы Самғат Құсайынов аулаға немесе үй кіреберісіне бейнебақылау камерасын орнатудың алгоритмін былай түсіндірді:

– Ауласына камера орнатуға ниетті пәтер тұрғындары белгілі бір техникалық қолдау көрсететін компанияларды таңдап, қызметтері үшін ай сайынғы төлемақы жөнінде келісім жасасады. Келісім бойынша камералар көрсетілген мекенжайдағы тұрғын үйлерге жеткізіледі. Қызметтің ай сайынғы көлемі 200–350 теңгені құрайды. Қазіргі таңда біздің аудандағы үйлердің кіреберісінде 2-3 бейнебақылау орнатылған.

Аулаларында бейнекамера қойылған қала тұрғындары балаларының қауіпсіздігіне алаңдамайтындарын айтады. Сондай-ақ, үй фойелеріндегі бейнебақылау нәтижесінде ұрлық-қарлық тыйылды дейді.

Айкерім ЖАНАБЫЛ,
Бостандық ауданының тұрғыны:

– Үй кіреберістеріне балаларымыздың арбаларын, велосипед сынды ойыншықтарын тастауға қорқатынбыз. Себебі, ертеңгі күні ұрланып кеткенін көретін едік. Оны ап-ауыр қылып жоғары қабатқа көтеру де қиын. Оның үстіне лифтке сыймайтын. Қазір бейнебақылау орнатылғалы ұрылардың қарасы азайды. Алаңсыз, арбаларымызды фойеге тастап кете аламыз.

Самал АСҚАРҚЫЗЫ,
Алмалы ауданының тұрғыны:

– Жақында ғана үйдің кіреберісіне қойып кеткен баламның велосипеді жоғалып, фойеге орнатылған камера көмегімен тауып алдық. Фойеге бейнебақылау орнатылғалы көп уақыт бола қойған жоқ. Ұрылар соны байқай қоймаған болу керек. Осы құқықбұзушылықтан кейін ұрлық бола қойған жоқ.

Деректерге көз жүгіртсек, көпқабатты үйлердің аулалары мен фойелерінде жиі ұшырасатын қылмыстың түрі – ұрлық. Ал аулаларға орнатылған бейнебақылау жүргенсіздікке тосқауыл болмақ. Сондай-ақ, бала ұрлау, педофилдік қылмыстар мен үй фойелерін қаңғыбастар мекеніне айналдырудың алдын алмақ. Жалпы айтқанда, бейнебақылау – қауіпсіздік кепілі.



«БАЯҒЫ ЖАРТАС, СОЛ ЖАРТАС»

тұрғындардың талап-тілектері неге орындалмайды?

ЖЕТИСУ АУДАНЫ:

Қоқысқа толы жәшік

Жетісу ауданының тұрғыны көше бойындағы қоқыс жәшіктері аузы-мұрнынан шығып, лас заттардың төңірегін бүлдіріп жатқанын айтып хабарласты.

Мынау Райымбек даңғылы мен Розыбакиев көшелерінің қиылысына жақын аялдама маңында орын алған сұрықсыз көрініс. Скамейка жанындағы қоқыс жәшіктері толып, қалдықтары сыртына төгіліп жатыр. Орындықтың жанында ішімдіктен босаған бөтелкелерді де көруге болады. Демек, бұл тапайдың тал түсінде отырып та, ашы су сіміретіндердің бар екенін білдіреді. Жағымсыз иістің қолқаны қабатына шыдай алмай жүрген тұрғындар бұл жағдайдың санитарлық талаптарға сай келмейтінін айтып налып отыр. Асима есімді келіншектің айтуынша, бұл жерлерге кешке қаңғыбастар келіп «тойлататын» көрінеді:



Күте тұруға тура келеді

Редакциямызға хабарласқан Асқар Нүсіпбайұлы есімді азамат Мещерский көшесінде әлі күнге дейін орталықтандырылған кәріз жүйесіне қосылмағанын айтады. Үйінде жастары жетпістен асқан ата-анасы бар жетісулық тұрғын аталмыш көшеде 1980 жылдан бері тұрады. «Көшеміздегі әрбір үй кәріз шұңқырын сорғызып, тазартқызады. Айтарлықтай соманы шығындайтын бір реттік қызмет құны да қалтаға салмақ салады. Несін жасырайық, аптап ыстықта ауаны ластайтын мұндай жұмыстан біз – тұрғындар шаршадық. Айналамыздағы көшелердің барлығы орталық кәріз жүйесіне қосылған. Неге екенін кім білсін, біздің көше ескерусіз қалған. Ешкімге

алақан жайып, артық көмек сұрап отырған жоқпыз. Бізді тек кәріз желісінің жоқтығы ғана мазалайды...».

Біз Асқардың өтініші бойынша Алматы қаласы Энерготиімділік және инфрақұрылымдық даму басқармасына хабарластық. «Бүгінде басқарма кәріз желілерін салу жобасын әзірлеуде. Мещерский көшесі тізімге енді. Құрылыс-монтаждау жұмыстары жобалау аяқталғаннан кейін және бюджеттен қаржы бөлінгеннен кейін басталады. Болжамды мерзімі 2022 жыл» деген ресми жауап келді. Кәріз желілерін жүргізу бір-екі күнде шешіле салатын жұмыс емес. Бұл – ауқымды жұмыс. Сондықтан тұрғындарға шамалы сабыр сақтап, күте тұруға тура келеді.



ӘУЕЗОВ АУДАНЫ:



«Жаттанды» жауаптан арылған жөн

Алматылық Валентина Кольцова №8 ықшамауданда тұратын немересіне қонаққа келгенде, №26, 27 үйлердің аулаларындағы жағдайды көріп, әсерімен былайша бөліседі:

– Мына балалар алаңының көрінісі қандай аянышты еді! Сын көтермейтіні былай тұрсын, бұл тіпті адам өмірі мен денсаулығы үшін қауіпті ғой. Бүлдіршіндердің сырғанақтарын тот басқан, бояулары да кетіп, темірлерінің шеті жарақаттамай қоймайтындай күйде тұр. Өткеншектің негіздері бос, тербелсең бірге қозғалады. Орындықтарының түрі мынау. Бетіндегі тақтайы қайда? Жолдары ойық-ойық. Не велосипед тебе алмайды, не басқа да ойын құралдарымен ойнауға мүмкіндік жоқ. Қысқасы, ауладан сән кеткен. Алматыдай алып шаһарда мынадай аулалар бар деп айтудың өзі ұят.

Әуезов ауданының қызметкерлері алматылық тұрғынның сауалына: «Аталған мекенжай бойынша аула аумақтарын күрделі жөндеуге жобалық-сметалық құжаттама (ЖСК) бар. Құрылыс-монтаждау жұмыстары қаржы қаражатының бөлінуіне қарай 2022-2023 жылдарға жоспарланған» деп жауап қайтарды. Бірақ мұндай «жаттанды жауап» тұрғындарды қанағаттандырып отырған жоқ. Талап бойынша сұрықсыз күй кешкен мұндай аулалар үш жылдан кейін емес, биыл абат-

тандырылуы керек. Кейінгі кездері көшесінде бірде-бір ойығы жоқ болса да асфальттің жұқа қабатын қырып тастап, оны қайта жаңартып жатқан жол құрылыстары көп. Жол салушылар қаладағы көзге түсетін жерлерді ғана жаңартуды тоқтатып, шын мәнінде жөндеуді қажет ететін орындарға көңіл бөлсе екен? – дейді олар.

Қоғаммен байланыс орнату, қоршаған ортамен тіл табысу тәсілін бала ойын ойнау арқылы үйренетіні хақ. Бұл орайда қаламыздағы әрбір үйдің жанында әртүрлі өткеншектің орнатылған балалар ойнайтын аула болуы заңды. Ал мына суреттер халық игілігіне берілген әрбір дүниенің сұрауы бар екенін ұмытып бара жатқанымызды көрсетеді. Сала мамандары әкім-қаралар көретін жерлерді ғана алдын ала дайындап қоятын «жаман» әдеттерін доғарып, керісінше, халықтың сұранысына жауап беретіндей тірлік жасаса...

Жалпы, жүрекке жол табу, кісінің көңілінен шығу – қазаққа тән қасиет. Азаматтық қоғам қалыптастыру нақты атқарылған іс-әрекеттерден бастау алса екен дейміз. Халық өтінішіне құлақ асып, кеңдік көрсету ең алдымен адамның саналылығы мен мәдениетін білдіреді. Ендеше, «халық үніне құлақ асатын мемлекет» жүктеген міндеттерге жауапкершілікпен қарап, ондағы айтылған әрбір сөздің астарына үңіліп, мағынасына мән беру әрбір шенеуніктің міндеті.

НАУРЫЗБАЙ АУДАНЫ:

Бұл баспалдақтың жыры көп...



Шаһар басшысы Бакытжан Сағынтаев Алматыны тұрғындар үшін жайлы қала жасау үшін жиі-жиі эфирге шығып, көптің көңілін күпті еткен сауалдарына жауап беріп жатқанына куәміз. Бұл жүздесулер тұрғындардың талабын орындау мақсатында өте жақсы жолға қойылған үрдіс екені сөзсіз. Қала әкімі тұрғындар сауалына мейлінше нақты жауап беруге тырысып, сала мамандарын эфирге қосып, сол мезетте тапсырма беріп жатқанын естігенде, бір істің болса да түйіні шешіледі деп ойлайтынбыз. Бірақ әлгі айтылған тапсырмалар уақытысында орындалмайтын болып отыр. Дәлел ретінде бір ғана мысал келтірейік...

Редакциямызға Наурызбай ауданының тұрғындары атынан қонырау шалған Қуантай Бұлтақбаева Қарағайлы өзеніне көтерілетін баспалдақты жөндеп беруін өтініп, телефон шалған болатын. Өтініштің артында бір қауым ел тұратынын ескерген біз дереу Наурызбай ауданы әкімдігіне хабарластық. Тұрғындардың өтінішін жеткіздік. Әкімдіктен 9 маусым күні «Көрсетілген мекенжай бойынша баспалдақ ағымдағы айдың соңына дейін қалпына келтірілетінін хабарлаймыз» деген жауап келді. Одан бері біраз уақыт өтті. Маусым

айының соңына жөндеуді тиіс баспалдақ әлі жасалмапты. Әкімдіктің жауабына сенген наурызбайлықтар әлі сол көрінісі сын көтермейтін баспалдақты айналып өтіп жүр. Бүгін редакциямызға хабарласқан тұрғындар «Баяғы жартас сол жартас» деген тақырыппен баспалдақтың көрінісін қайта салып жіберіпті.

Құрғақ уәде «халық үніне құлақ асатын мемлекет» құрылды деп қуанған жұрттың көңіліне су сепкендей болғаны рас. Өйткені, бет қатталып жатқанда Наурызбай ауданы әкімдігінен тағы да «уәдеге» негізделген мынадай жауап келді: «Көрсетілген мекенжай бойынша баспалдақ шілде, тамыздың 15-іне дейін қалпына келтіріледі. Қалайсыздықтар үшін кешірім сұраймыз». Тағы да «уәде» берді. Әсілінде, шенеуніктер алдына келген адамға шекесінен қарамай, қайта олардың мәселесін шешіп беруге ұмтылуы тиіс емес пе?! Халық тұрмыстың тіктеліп, жағдайдың жақсарғанын қалайтынын ескерсек, айтылған сөз іс жүзінде де жүзеге асуы тиіс-ақ... Ал наурызбайлықтарға қазірше күткеннен басқа амал жоқ.

Бетті дайындағандар
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ,
Айжан БҮРКІТБАЕВА.

Айнұр
СЕНБАЕВА

Қазақ журналистикасының аңыз тұлғасы, Журналистика академиясының негізін қалаушы, академик Сағымбай Қозыбаев биыл 77 жасқа толып отыр. Өзінің жанын қаламға теңейтін сөз зергерінің өмірінің мәні де, өмірлік ұстанымы да, кәсібі мен қызығушылығы да – жазу. Сағымбай Қабашұлының есімі тек журналистикада ғана емес, тарих саласында да танымал. Ол – тарих ғылымының докторы, профессор, Қазақстан Президенті премиясының лауреаты, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының бірнеше мәрте лауреаты. Сондай-ақ, Сағымбай Қозыбаев – «Alatau Aqparat» медиахолдингі Шығармашылық кеңесінің мүшесі. Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ұзақ жыл қызмет етіп келе жатқан ұлағатты ұстаз есімдері елге танылған көптеген журналистерді тәрбиеледі.

Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ, академик, «Alatau Aqparat» медиахолдингі Шығармашылық кеңесінің мүшесі, Қазақстан Журналистика академиясының президенті:

ЖУРНАЛИСТИКА – ӨНЕР

сөзді сүю керек, бағалай да, аялай да білген жөн

ӨМІРДЕРЕК:

Сағымбай Қабашұлы Қозыбаев 1944 жылы 15 шілдеде Қостанай облысы, Меңдіқара ауданы, Жанатұрмыс ауылында туған. Қазақстан Саясаттану ғылымы академиясының академигі. Ленинград мемлекеттік университетін тәмамдаған. Қазақстан мемлекеттік телерадио жүйесінде кіші редактор, бас редактордың орынбасары, Бүкілодақтық радионың Қазақстандағы меншікті тілшісі, ҚазМУ-да (қазіргі ҚазҰУ) аға оқытушы, доцент, деканның орынбасары, декан, 1981 жылдан кафедра меңгерушісі қызметтерін атқарды. 2001 жылдан Қазақстан Журналистика академиясының президенті. «Партийное руководство средствами массовой информации: история, опыт, проблемы, перспективы» тақырыбында докторлық диссертация қорғаған. 350-ден астам ғылыми жарияланымның, 19 монографияның авторы.

Сағымбай Қозыбаев – текті әулеттен шыққан асылдың тұяғы. Көрнекті тұлғаның туған жері Қостанай өңірі Қозыбай әулетін мақтан тұтады. Сағымбай ағаның әкесі Қабаш Қозыбаев ел ішінде абыройлы, білімді, парасатты азамат болған. Ол соғыс жылдары танк колоннасын құруға атсалысқан. Бір әулеттен Манаш Қозыбаев, Сағымбай Қозыбаев сынды екі бірдей академик шыққан. Сондай-ақ, осы әулеттің мүшесі Оразалы Қозыбаев Социалистік Еңбек Ері атанған. Өзінің «Звезды в небе» кітабында Сағымбай Қозыбаев әкесі Қабаш ақсақал жайлы, оның елге сіңірген еңбегі туралы кеңінен жазған. Қабаш Қозыбаев 1943 жылы сұм соғыстың өрті лаулап тұрған кезде бала-шағасының аузынан жырып, мал-мүлкін түгел сатып, бар жиған-тергеніне әскери ұшақ сатып алған екен. Әулеттің мәуелі бәйтерегі болған осындай әкеден тәлім алған Сағымбай Қабашұлы бар саналы ғұмырын журналистикаға арнап, қажырлы еңбек етуде.

Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетінде 1974 жылдан бері еңбек етіп келе жатқан Сағымбай Қабашұлы Қазақстан Журналистика академиясының президенті. Ол осы академияның дүниеге келуіне күш-жігерін салды. Ондағы мақсаты – еліміздегі бұқаралық ақпарат құралдарының басын қосатын, тәжірибе алмасатын алаң құру болатын. Академия әр жылдары үздік журналистерге, ұжымдарға, бағдарламаларға арнап «Алтын жұлдыз» атты арнайы жүлде тағайындады. Академияның айтулы азаматтарға беретін «Алтын самұрық» атты арнайы номинациясы да бар. Сағымбай Қабашұлының тынымсыз еңбегінің арқасында Қазақстан Журналистика академиясы мәртебелі ұйымға айналды. Осы уақытқа дейін академия отандық журналистиканың дамуына қолдау білдіріп келеді.



АКАДЕМИКТИҢ ОЙ-ОРАМДАРЫНАН:

- «Бас ауырған кезде дәрігерге, жан ауырған кезде – журналистке барыңыз. Ол кез келген уақытта, кез келген ауа райында, кез келген көңіл күйде адамның қуанышын да, қайғысын да бөлісе алады. Оның бойындағы әділдік, жанашырлық, мейірімді жүрек адамдарға жақсылық жасауға ұмтылады. Ол журналист деген мамандығын мақтан етеді». («Моя «Ленсмена» кітабынан.)
- «Қоршаған ортаны тануда, ғаламтор кеңістігін шарлауда ғана емес, ең бастысы, кітап оқуда ерекше дамитын адамның ерекше жаратылған миын ешкім компьютермен әлі алмастыра қойған жоқ». («Монисто» очеркінен).
- «Осы уақытқа дейін ешбір студентке үштік баға қоймадым. Өйткені, мен оларға үнемі: «Өмір өзі сендерге тиісті бағаларыңды қояды» деп айтамын».
- «Журналистика – өнер, сөзді сүю керек, бағалай да, аялай да білген жөн».
- «Біз, бәріміз өз заманымыздың баласымыз. Сондықтан өткенге өкпе артудың қажеті жоқ. Өткен күннен өзімізге қажетін алсақ жеткілікті. Тарих өз шеңберімен дөңгелене береді. Журналистиканың жетістігі оның сабақтастығында, оның ең жақсы дәстүрлері мен тәжірибесін қабылдауда... Журналистика – сайып келгенде, жеке дара ғылым, басқа гуманитарлық саланың құрамдас бөлігі емес. Ғылымның өзіндік заңдары, ережелері, терминдері, функциялары, принциптері, көпжақты проблемалары және көп қырлы тұжырымдамалары болады».
- «Мида түк жоқ болса, тіпті ҚазҰУ да көмектесе алмайды».

Жаңалыққа жаны құмар, өзіндік қолтаңбасы қалыптасқан майталман маман Сағымбай Қозыбаев журналистиканың тарихын зерттеп, зерделеуге де аянбай қызмет етіп келеді. Ол кісінің мұрындық болуымен Қазақстан журналистикасының энциклопедиясы жарық көрді. 531 беттен тұратын бұл көлемді ғылыми басылым құнды мұраға айналды. 2006 жылы жарық көрген «Қазақстан журналистикасы энциклопедиясын» қазір журналистер даярлайтын жоғары оқу орындары игілікке жаратып отыр. «Моя «Ленсмена» (2001), «Жарық жұлдыздар. Отандық журналистика элитасы» (2006), сондай-ақ, «Масс-медиа. Словарь-справочник» (2007) деп аталатын кітаптар журналистер қауымы мен саясаттанушыларға, тарихшыларға аса қажетті көмекші құралға айналды. Осы уақытқа дейін академиктің 54 кітабы жарық көріпті.

Нұртөре ЖҮСП, журналист, сенатор:

ОРҒА ЖҮГІРМЕ, АРҒА ЖҮГІН

Ұстазымыз Сағымбай Қозыбаевтың өнегелі өсиеті осындай...

Журналист – бәрін жүректен өткізіп, жүрекке жеткізетін маман. Жанашыр сөз айту, жанын салып жазу, жан жүрегімен ой бөлісу – нағыз журналистке тән қасиет. Ұстаз осы қасиеттерді алдына келген алуан шәкірттің бәріне ұқтыруға ұмтылды. Өзі де осы жағынан қаниша адамға үлгі көрсетіп келеді.

Адам баласы өзін қаниша ұлы санаса да, ұлы Жаратушының алдында тозаңның түйіршігі секілді. Бірақ бұл түйіршіктің де талай дүниеге шамасы келеді. Туған жер, туған ел, туған түтін, туыс-туғандар мен туысы бөлек қаниша адамзат жсартылыс заңдылықтарын айналып өте алмайды. Өмірге келдің екен: ізгіліктің дәнін себуге, ізгіліктің кенін игеруге талпын! Өз еліңді, өз жеріңді, өз Отаныңды сүй, адамның баласы болма, адамзаттың баласы бол! Қолыңа қалам алдың екен: орға жүгірме, арға жүгін; қаралауға емес, даралауға ұмтыл; бардың базасын біл, жоқтың жолын құма; гақлия сөздерді тыңда, шеберлігіңді шыңда! Біздің ұстазымыз Сағымбай Қозыбаевтың өнегелі өсиеті осындай. (Дереккөз: «Айқын»).

Сағымбай Қабашұлы Журналистика факультетінде үзбей еңбек еткен жарты ғасырға жуық уақыт ішінде үлкен ғылыми мектеп қалыптастырды. Бұл журналистің өмір мектебі, өнеге мектебі. Журналистік этиканың абзалдық әліппесі. Ұстаздың ұлағаттық міндеті – шәкіртке бағыт беріп, жөн сілтеу болса, Сағымбай аға бұл бағдарды қалтқысыз атқарып келеді. Ол үнемі қоғамда журналистерге құрмет көрсетілу керектігін, ал журналистердің «төртінші билік» деген атауға лайық болу қажеттігін айтудан жалықпайды. Ұстаз кредосы – журналистика этикасына адал шәкірт тәрбиелеу.

Әлеуметке қолжетімді

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Маусым айынан бастап шаһарда «Әлеуметтік қызметтер үйі» жұмысын бастағаны белгілі. Бұл жобада мемлекеттік органдар мен қаржы институттарының жұмысы біріктірілген. Мақсат – әлеуметтік қызмет көрсету сапасын бірігіп арттыру.

Биыл жоба шеңберінде 124 мыңға жуық адамды әлеуметтік қолдаумен қамту көзделіп отыр. Оның ішінде тірек-қимыл аппараты зақымдалған адамдар сол әлеуметтік үйге кедергісіз кіріп-шыға алады. Ғимарат заманауи көтергіш құрылғымен және 1-қабаты кең де жарық операциялық залмен жабдықталған. Әлеуметтік маңызы бар 776 қызмет түрімен қатар, бұл жерде Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы қызметтері де қолжетімді. Оның ішінде, атап айтсақ, ҚР жинақтаушы зейнетақы жүйесінің жұмыс істеуі мәселелері бойынша кеңес беру-түсіндіру қызметтері; БЖЗҚ зейнетақы қызметтерін тұтынушылардың деректемелерін өзгерту/толықтыру туралы өтініштерін ресімдеу; ақпарат беру тәсілін өзгерту (белгілеу) туралы келісімді ресімдеу; салымшылардың/алушылардың жеке зейнетақы шоттарынан үзінді көшірмелер беру; жеке зейнетақы шоттарын ашу туралы өтініштің көшірмесін/жаңа редакциясын беру; төлемге өтініштерді ҚР қолданыстағы заңнамасымен белгіленген тәртіпте ресімдеу.

БЖЗҚ әрдайым өз салымшылары мен алушыларының қамын ойлайды, әлеуметтік жобаларды қолдайды және азаматтарға зейнетақы қызметтерінің барлық түрінің қолжетімділігін қамтамасыз ету бойынша жұмыстарды жүйелі түрде жүргізіп отырады.

Қосымша пойыз жүреді

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

«Жолаушылар тасымалы» АҚ жаз кезіндегі сұраныстың артуына байланысты «Алматы-2 – Маңғыстау» және «Алматы-2 – Семей» бағыттарында коммерциялық жолаушылар пойызы жүретінін хабарлайды.

Бұлардың біріншісі 21 шілдеден, ал екіншісі 23 шілдеден бастап «Алматы-2» станциясынан аптасына бір рет қатынайды. Ұлттық тасымалдаушы билеттерді BILET.RAILWAYS.KZ сайты немесе «ҚТЖ билеттері» мобильді қосымшасы арқылы онлайн ресімдеуге болатынын ескертті.

Қажет болған жағдайда теміржол билеттерін сатып алу үшін «Құту паракшасы» функционалын пайдалануға болады.



ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК

көңіліңізден шыға ма?



ЕРКІН,
қала тұрғыны:

Салқындатқыш жұмыс істемейді

Өсіресе, бәрі жұмыстан қайтатын уақытта автобус ішінде жайсыздықтар көп орын алады. Аузы-мұрнынан шығып, жолаушыға лық толған қоғамдық көліктердің ішінде бір-бірімен жанжалдасқан жұртты көріп, еңсең түседі. Ал жаздың аптап ыстығында біреудің артық сөзін көтеруге ешкімнің жүйкесі шыдамайтынын түсінуге де болады. Радио даусы жаңғырып тұратын автобустарға мінсек, барам деген жерге жеткенше шаршап қалатынымыз рас. Жолаушыларға ең көп жайсыздық тудыратын жағы – салқындатқыш құрылғылардың жұмыс істемейуі. Кептеліс бар. Оған ыстық ауа райын қосыңыз. Автобус жайсыз болғандықтан, адамдарды ашу кернеп, бір-бірімен ұрыса бастайды.

АҚНИЕТ,
ҚызПУ студенті:

Хабарлама жасалып тұрса...

Студент болғандықтан, тек автобустың жүруге тура келеді. Алматыдай алып қалаға алғаш келгенде адасып кетпей, диттеген жерге жету оңай болмады. Бастапқыда автобуста өз аялдамадан өтіп кетіп, талай жерге кешігіп барған кездерім болды. Өйткені, жолаушыларға келесі қай аялдама екені хабарланбайтын. Бұл қалаға келген қонақтарға немесе мен сияқты жаңадан оқуға түскен студенттерге қолайсыздық тудырады.

МАМАН ПІКІРІ

Талғат ӘБДІРАХМАНОВ,
«АлматыЭлектрТранс» басшысы:

Бүгінгі күні қоғамдық көлік жүйесінде 2441 автобус жұмыс істесе, оның 1198-інде кондиционер жүйесі жұмыс істеп тұр. Ал кондиционер орналас-тырылмаған 1243 автобус 2017–2019 жылдары алынған ескі автобустар. Ал салқындатқышы бар 62 автобустың кондиционері бұзылған. Бұл мәселені шешу үшін Қытай мен Ресейден құрал-саймандар алдырдық, бұзылған кондиционерлерді жақын арада іске қосамыз.

НЕ БАЙҚАДЫҢЫЗ?

Босаңсуға негіз жоқ



Құралай
ЖҰМАДІЛОВА

Бас Қалалық мемлекеттік сани-тар-дәрігердің қаулысына орай, қоғамдық көлікте бетперде тағу міндеттелген.

Алайда, бас маманның бұл талабы қазіргі таңда толығымен орындалып жатыр деп айту қиын. Индеттің ара-мызда әлі де барына сенетін бірді-екілі жолаушы болмаса, халықтың басым көпшілігі бетпердесіз жүр.

Оған автобустарда алғашқы кез-дегідей санитарлық талапты ұстанып жатқан жан жоқ. «Сақтансаң, сақтай-ды» деген. Егер біз осылай еренсіз, ешбір санитарлық талаптарды сақта-май жүре беретін болсақ, істің насырға шаппасына кім кепіл? Ауру өршіп, халық арасында коронавирус инфек-циясы тарала бастағанда алматылықтар жаппай бетперде тақты. Арақашықтық сақтап, барлық санитарлық талапты сақтады. Сөйтіп, индетті сәл де болса ауыздықтауға атсалысты. Ал енді қазір ше? Қазір байқасаңыз, жолаушылардың



90 пайызы бетпердесіз, көліктен көлікке ауысып, шауып жүр. Жолаушы дейміз-ау, автобустың кіріп келіп «Оңай» картасын тексеретін бақылаушылардың өзі бетперде тағуды қойған. Бәлкім, халық арасында «вакцина алдым, ауру жұқпайды» деген пікір қалыптасты ма, әйтеуір кейінгі уақытта бетперде таға-тындардың саны күрт азайды. Тіпті, өзің таққан күннің өзінде айналаң-дағыларға қарап қысылады екенсің.

Денсаулық саласы мамандарының айтуынша, коронавирустың «дельта» штамында ауру агрессивті формада

Назерке ШӘМІЛОВА,
мұғалім:

Қызмет көрсету дұрысталған

«Оңай» жүйесі қолданысқа енгелі кондукторлардың айқайынан құлағымыз тынышталып, жақсы болып қалды. Қазір қоғамдық көлікте қызмет көрсету мәдениеті әлдеқайда түзелген. Өзіме осылай әбден ыңғайлы. Жолаушылар ес-кертусіз-ақ өздері төлем жасауға үйренді. Қазір карта тексерушілер арнайы қызметтік киім формасында жүреді. Олардың тіпті жолаушыларға сөйлеу мәнері де өзгергенін байқап, қуанып қалдым. Бұрын ондай тәртіп болмаған.

Мария ФЕДОРОВА,
Әуезов ауданының тұрғыны:

Жүру жиілігі сақталмайды

Байқауымша, автобустар қозғалыс кестесі мен жиілігін, жұмыс уақытының аяқталу мерзімін сақтай бермейді. Жакында Абай даңғылы мен Саин көшелерінің қиылысынан №5 троллейбустың үшеуі қаз-қатар бірінің артынан бірі кетіп бара жатқанын көрдім. Әдетте ұзақ күттіріп қоятын қоғамдық көліктердің мұндай жүйесіз қозғалысын неге бақылауда ұстамайды?! Автобустар бекітілген кестеге сай жүруі тиіс. Кейде оларды тіпті 30–40 минутқа дейін күтіп тұратын кездер болады. Ал таксимен жүру қалтаға ауыр тиеді.

P.S. Алматыдай үлкен қалада қоғамдық көлік мәселесі қашанда өзекті. Қоғамдық көлік көпшілікке арналған орын саналғандықтан, жолаушыларға барынша жайлы жағдай жасалуы керек. Автобустардың жүру жиілігі қадағаланып, салқындатқыш құралдар толық іске қосылса, халықтың көңілі де тыныш болар еді.



Айым
НҰРМАН

Соңғы жылдары заманауи құрылғылармен жабдықталған жаңа автобустар саны артты. Алайда, қоғамдық көлік мәселесіне орай тұрғындардың айтар шағымы да жоқ емес.



Ауа тазара түспек

Электромобиль такси жобасы Алматы ауасын 5 пайызға тазартады деп болжануда



Ақтолық
ТҰРЛЫҒАЗЫ

Бүгінгі күні ауамыз жыл өткен сайын ласта-нып, қала тұрғындарының көк аспанды көруі сиреді. Себебі, мегаполисте көлік саны артып, атмосфераға таралатын зиянды қал-дықтардың да мөлшері көбеюде. Тиісінше, эколо-гиялық ахуал қиындап, адам денсаулығына айтар-лықтай қауіп төндіріп тұр. Осыны ескерген Такси қызметі қауымдастығы-ның төрағасы Медет Құрманов Алматы қала-сындағы экологиялық проблемаларды алдын алуға көмектесетін Almaty taxi жобасын таныстырды.

Бұл жоба әдеттегі кө-ліктердің ауаны ластауын тоқтату үшін электромо-бильдердің санын көбейтуді әрі күнделікті қолдануды көздейтіндігін атап өтті. «Бүгінгі таңда Алматы мен Алматы облысында 14 448 такси жұмыс істейді. Олар-дың 10 980-і осыдан 10 жыл бұрын шыққан, яғни төр-тіңші экологиялық санатқа жатады. Мысалы, күн сайын әрқайсысы 170 шақы-рымнан жүретін болса, онда ауаға адам өмірі үшін қауіпті зиянды заттар бөледі. Осыдан 10 жыл бұ-рын жасалған 500 такси көлігін электромобильдер-мен алмастыру арқылы қала ауасын 5%-ға жақсартамыз. Сондай-ақ, осы бастама арқылы қалада электромо-бильдердің көбеюіне жағдай жасайтын едік», – деді Медет Құрманов.

Сондай-ақ, ол жыл сайын тұрғындар арасында такси қызметін пайдалану-шылардың артып келе жат-қанына тоқталды. Жалпы, қаламыздың тұрғындары ай сайын 100 000 рет такси қызметін пайдаланған. Осы тапсырыстарды орындайтын қарапайым такси қызмет-керлерінің 90%-ы, яғни 52 мың жүргізуші заңсыз жұмыс істейтіндігі немесе бекітілген ережелерді ескер-мейтіндігі анықталды. «Алматы қаласында такси

жүргізушілеріне бір жылда 36 млн. тапсырыс келіп тү-седі. Нарық көлемі 34 млрд. теңгені құрайды. Тап-сырыстардың 70%-ын – «Яндекс такси», 12%-ын – «Бордюр» жүргізушілері, 10%-ын – Indriver, 5%-ын – басқа ұялы сервистер, 3%-ын Maxim орындайды. Осы-лардың барлығына келіп түсетін тапсырысты 15 мың жүргізуші қабылдайды. Олардың 97%-ы – жекемен-шік көлікте, 3%-ы – тасы-малдаушылар автомобилін-де. Мұнымен қатар, Алматы қаласындағы жүргізуші-лердің 97%-ы заңсыз жұмыс істеп отыр. Ортақ мем-лекеттік ақпарат жүйесі де жоқ», – деді төраға.

Айтуынша, Almaty taxi жобасын жүзеге асыру 6 ке-зеңнен тұрады. Соның алтыншы кезеңінде төртінші экологиялық санатқа жата-тын, жасалғанына 15 жыл-дан асқан автомобильдердің жүруіне тыйым салынады. «Алты кезеңнен сәтті өту арқылы ауаның тазаруына жағдай жасаймыз деп ойлаймын. Сондай-ақ, 2022–2023 жылдары 1000 көлікке электромобиль сатып алу үшін сертификат беру; жа-салғанына 20 жылдан асқан көлігін тапсырған 500 аза-матқа 1 500 000 теңге беру (500 көлік), жаңа электро-мобиль таксиін сатып ала-тындарға 4 000 000 теңге беру (300 көлік), ескі элект-ромобиль таксиін сатып алу үшін 2 000 000 беру (200 кө-лікке) жоспарда бар. Электромобиль сатып ал-ғысы келетіндерге 3% жеңілдік береміз. Осыларды жүзеге асыру арқасында алғашқы екі жылда заңсыз жұмыс істейтін такси қызметкерлерінің саны 50%-ға дейін қысқарады деп жоспарланып отыр. Сон-дай-ақ, ол әкімдікке 2 млрд. теңгені үнемдеуге мүмкіндік береді», – деді Медет Құрманов.

Сөз соңында ол алдымен 200 электромобиль таксиінің қызмет көрсетуі жоспар-ланып отырғанын және батареяларды утилизациялау мәселесінің шешіліп жат-қанын айтты.





«АДАМНЫҢ АДАЛ ҰЛЫ БОЛАМ ДЕСЕҢ, АЛДЫМЕНЕН ӨЗІҢНІҢ НӘПСІҢДІ ЖЕҢ»

(Шаһкерімнің сыр сөздерінен түйген сыр)

Қазақ мәдениеті, ұлт мәдениеті дегенде, жасырары жоқ, ең алдымен, бізде сөз өнері бірінші тілге оралары анық. Сөз өнері – өнер атаулының патшасы саналған Елде, сөз құпиясына еніп, одан өрнек тоқу – ердің Ерінің ісі саналады. Сондықтан да болар, сөз өнері бәйгесіне батырлар, Елім деп еңіреген Ерлер, Ел сөзін ұстаған даналар мен данышпандар, билер, жыраулар ғана түскен екен, кәрі тарихта. Бүгінде дүниеден қайтқанына 90 жыл болған Шаһкерім ақын туралы аз сөз.

Шаһкерім ақынның шығармашылығындағы даралықты, ерекшелікті танытатын, көркемдік әлемін бағамдаудағы маңызды мәселенің бірі – ой мәнінің тереңдігі мен мазмұнының байсалдылығын ашуда қолданылатын тұлғалардың оппозициялық қатынаста жұмсалуды. Мәселен, уақыт пен кеңістік оппозициясы, жақсылық пен жамандық оппозициясы, ақ пен қараның оппозициясы, имандылық пен нәпсінің оппозициясы, т.б. ЦИЦЦ

Шаһкерім ақынның поэтикалық әлемінде басты оппозиция – ынсап пен ынсапсыздық, шын мен жалған, имандылық пен имансыздық. Өзге қарама-қайшылық ақын өлеңдерінің ішкі мәніне таралып, дүние болмысы мен оған сәйкес дүниетанымды саралауда көрініс табады, нақтыланады. Қарама-қарсылықтың бірлігі мен күресін паш етер әлемді қабылдауда ақынның өлеңмен өрген өрнегі – қашанда анық, айтары – айқын. Барды бардай, нарды нардай етіп, жоқты жапсарламай нақ та нық айту – автор үшін негізгі кредо. Бәлкім, Шаһкерім ақынның мықтылығы мен Патша өлеңінің мығымдығы да осында болса керек.

«Хайуан мен ақымақтар» атты өлең мәтінінде мәңгілік қозғалыс үдерісі, табиғаттың үйлесімді жаратылысы оппозициялық қатынас арқылы айшықталып, дүние болмысының қарама-қайшылыққа негізделген келбеті көрінеді. Яки табиғи үйлесімділіктің өзі ішкі болмысында қарама-қайшылық арқылы бекемделетіндей:

*Бір Құдай неше түрлі жан жаратты,
Не үлкен, не кішкентай жан жаратты.
Керексіз, жансыз нәрсе жаратқан жоқ,
Есепсіз қанша мың мен сан жаратты.*

Үлкен – кішкентай, жанды – жансыз ұғымдары сигнификаттық ұғымды белгілеуші абстрактілік мәні арқылы қозғалыстың ұйылыққа тәндігі мен байланыстылығын белгілі деңгейде таныта түседі.

*Бірақ жанның әлдісі, әлсізі бар...
Кейі дәнді, кейінің дәнсізі бар.
Дәндісінде өсім бар, үлкеймейк бар,
Оның да дәмдісі бар, дәмсізі бар.*

Өлді – әлсіз, дәнді – дәнсіз, дәмді – дәмсіз тұлғаларының оппозициялық қатынаста келуінен, сөз жүйесі тереңнен сыр тартып, философиялық астар алады. Жақсы мен жаманның ара салмағын ашуға үнілу, қазіргі өмірдегі кездесетін, танылатын шындық пен ақын көңілі, қиялы жеткен болмыс шындығының сырын тануға ұмтылу жолында сыр сөздерді жекелей таныту мүмкін болмайды, оның мәнін кешенді байланыста ұғу қажет.

*Өсімді ең күшті жан адамда тұр,
Алдында жақсы да, жаман да тұр.
Өзгенің бәрі – жалғыз адам үшін,
Жаралып орны-орнымен ғалам да тұр.*

Дүниенің барлығы адам үшін жаралған. Адам игілікті іс жасауы, надандыққа бой алдырмай, Алланың берген аманат жанын таза сақтауға міндетті. Кез келген жанның жан-дүниесі ерекше тәрбиеленіп, алынған тәлім әртүрлі қабылданады, жақсы мен жаманға ажырайды. Қарама-қарсы кою мәні де, тілдегі оппозициялық мағына да осы арадан жіктеледі.

Ақын айтылатын толғақты ойды жұмбақтамайды, салыстыра отырып, адамдық қасиеттің жақсысы мен жаманын

таразылайды. Адам мен хайуанды (еріншек ~ өлік, қу ~ хайуан, мақтаншақ ~ бұқа, көрсеқызар ~ маймыл, ызакор ~ қабаған төбет, сәнденгіш ~ әтеш) қарама-қарсы қоя салыстыра отырып, ізгі қасиеттердің сипатын ашады.

*Несін сүй, несін сүйме, ерік өзінде,
Нәпсің де, ақылың да тұр көзінде.
Сынау үшін жаратқан бір Иең бар,
Тексерілмей қалмайсың бір кезінде.*

Бұл – ойдың түйінді тұсы. Сүй – сүйме, нәпсі – ақыл оппозициялық құрылым құрайды. Біріншісі, жалпы халықтық тілде қабылданған антоним болса, екіншісі, авторлық қолданыстан туған біріндегі мәнді екіншісі жоққа шығарып тұратын қос мүшелі оппозиция. Нәпсі мен ақыл – жақсылық пен жамандықтың екі шегін анықтайтын таразы сынды. Нәпсіге ерсең жетер жерің белгілі – хайуаннан бөтендігің болмас сірә; ақылға көнсең – адамдық қасиетің артып, саналы тірлік кешіп, игілікке жетесің – бұл ақын айтар негізгі ойлы тұжырым, дұрыс қисын, ақындық кредо.

Шаһкерім ақын жол нұсқаудан, жоба көрсетуден тайынбақ емес, жалықпақ емес:

*Мейірім, ынсап, әділет, адал еңбек,
Таза жүрек, тату дос – сол шарасы.*

Бұл – тұлғаның ұлттық танымдық және әлемдік концептуалдық бейнесі. Мұндай таным – әмбебап. Жалпы, адам баласының ақлағында, мінезінде болуға тиіс норма, сондықтан да айтылған ойға философиялық мазмұн мен жүйелі көзқарастардың ортақтығы, бірлігі тән. Демек, бұл – Шаһкерімдік деңгей. Шаһкерім шыққан шың, Шаһкерім шығармашылығы жеткен шың. Ақынның әлемдік болмысты бағалауында жалпы адамзаттық құндылықтар жүйесі негіз етіп алынады, ол ұлттық саналы оймен суарылып, дәстүрлі дүниетаныммен таңбаланады, кеңістік келбеті көрініс береді.

«Серігім – жалғыз Әуіпш қасымдағы» атты өлеңнің соңғы шумақтарына назар аударалық:

*Тату тұрса, адамға дүние кең,
Еңбек ет, жер жеткілік береді кен.
Адамның адал ұлы болам десең,
Алдыменен өзіңнің нәпсіңді жең.*

Мұндай жолдарды болмысты танудың ұлттық ментальдық бейнесі арқылы танымның әлемдік концептуалдық биігіне жету, адам баласының табиғатпен қарымқатынасының ішкі үндестігінің мәнін тану, ұлттық және әмбебап ассоциациялардың концептер негізінде сәйкестенуінің шоғырлануы дер едік. Мәтіндегі әрбір сөзтұлғада мағына мен уәж, ішкі тұлға бар. Мағына әлем бейнесінің белгілі бір бөлімінің концептуалдық бейнесін анықтаса, уәж бен ішкі тұлға әлем туралы білімінің өзіндік сырын ашып, сөз семантикасына мән мен стилистикалық бояу қосып, ойды ажарландыра түседі.

Тату тұрса, адамға дүние кең – байқап қарасаңыз, дүниенің кең не тар болуының шарты бар. Ол – тату тұру. Татулық концептісін ақын бір ауыз сөзбен түйіп, бізге ой салады: отбасында тату тұру, ұжымдағы татулық, көршіңмен тату болу (қазақы танымда – көршілік қарыз мен парыз бар), мемлекеттегі татулық, мемлекетаралық татулық, әлемдегі татулық... Бірінен-бірі шығатын тізбек, тізбек ұзаған сайын күрделене түсетін заманауи құбылыс, адами болмыс.



Бәрінің басты негізі – татулық. Татулық бар жерде дүние кең – бұл ақын ұсынатын басты шарт.

Татулыққа қарама-қарсы қойылатын оппозиция – адам психологиясында өз «меніне» қарсы қойылатын «өзге», «өзгелер». Бірақ ақын ойы «менен басқа өзгені» оппозиция деп танымайды. Кез келген пенде баласының өзінен басқаны «өзге» деп танып, жанындағыны жат санаушылық қасиеті Шаһкерімдік таным үшін жат. Шаһкерімдік татулықтың оппозициясы өзгеше, өзгеше болғанда алыста емес, сол «өзімнің» өз ішінде, «өзіңнің нәпсің». Өзіңнің нәпсіңді жеңсең, адамның ұлы боласың. Сан сауалдың сұрағын шешіп, сандаған елдің сансыраған даулы мәселесіне билік айтқан талайлардың өз нәпсісінен жеңілгеніне кәрі тарих куә.

XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің дамуы күрделі де қарама-қайшылығы мол үдерістерге толы болды. Осы бір қайшылығы мол жылдарда қарқынды шығармашылық күй кешкен Шаһкерім ақын өмірдің самалды сәттерінен гөрі соқтықпалы, соқпақты жолдарына көбірек кезіккені аян. Бәлкі, содан ба ақын шығармашылығында ойға, ойлануға ерекше мән беріледі. Ақиқатты іздеу, соның жолында іздену, табу – кез келгеннің уысына түсіп, кез келгеннің «бақшасында пісе беретін» дүние емес екені де белгілі. Сондықтан да Шаһкерімдік шығармашылықтың зияткерлік кеңістігі мәндік оппозицияларға бай. Мұндай мәндік оппозициялар бір-бірімен тығыз байланысады және көркемдік жүйенің семантикалық құрылымының ішкі композициясын дамытады. Оппозиция белгілі бір деңгейде эстетикалық код қызметін атқарып, әлем бейнесін таңбалауда бағалауыштық мәнге ие болады. Осы реттен де Шаһкерім ақын өлеңерінде қазақ ойының данышпандығы мен даналығы, уақыттан озған кемелгерлігі мен көрегендігі жатады.

*Мейірім – жақсы, зұлымдық
– жаман дейсің.
Қасқырлыққа қайтесің құр доңгелеп.
Жаны ашып жәрдем қылмай өткен
адам, –
Өсіп, өшіп құлаған бір бәйтерек.*

Ал ендеше! Бұған не демек керек. Мейірімнің жақсы, зұлымдықтың жаман екенін кім білмес, кім бұрыс дер? Мәселе ненің дұрыс, бұрыс екенін білуде, не біреуге ақыл ретінде айтуда ғана ма? Бұл жерде ақын Патша сөзбен «ойнамайды», сөзбен жай бүлкілге салып желмейді, мәселені қабырғасынан ашық қояды. Жақсы мен жаманды іштей білу, түсіну, бағалау бір басқа да, сол жақсылық жолында ізгі амал жасау, жақсылықпен жамандықты айырап көрікті қызмет ету, жамандыққа жақсылық жасау – өзгеше. Мұндайда қазақы дүниетаным «Жақсылыққа жақсылық – әр кісінің ісі, жамандыққа жақсылық – ер кісінің ісі», «Жақсылыққа қылған жақсылық, өмірінше тозбайды. Жаманға қылған жақсылық, бір күнгідей болмайды» дер еді. Жаманды жаман деп, жақсыны жақсы деп атын атап, түсін түстеп көрсетіп, адамға жәрдеміңді тигізбесең кімге серт? Жан ашып, жәрдем ете алмау, жол

көрсете білмеу – Шаһкерімше, бұл «өсіп, өшіп құлау».

Қандай бір бәйтеректей мәнді болсаң да, өссең де, соңында ізсіз өшесің дейді ақындық таным. Поэтикалық сөз – соншалықты нақты, айқын. Ой – салмақты, сөз – ұғынықты. Өйткені, оппозициялық қатынаста тұрған атаулар арқылы берілетін мағына мен мазмұн оқушы мен тілдік тұлға арасына ешқандай делдалды керек еткізбейді. Мейірім, зұлымдық атаулары денотаттық мәнді иеленіп, өзгеше мазмұнды анықтап, оқырманын ойлантады. Екінші жағынан, мейірім мен зұлымдық атауларының мағынасы терең, мәні кең. Сонымен, сөздің нақты және жалпы мағынасы диалектикалық сипатта тоғысып, нақты сезімдік және жалпы бейнелік мән құрайды.

Иә, ақын шығармашылығындағы қарама-қарсылықтың ішкі динамикасы мен даму болмысын таразылау күрделі. Жүйткіген ақын ойын тап басу мүмкін болмаса да, оған ілесе отырып, сөз байламын саралауға болады.

Анар САЛҚЫНБАЙ,
филология ғылымының докторы,
профессор.

P.S.: Қазіргі әртүрлі жанрда жазылған зерттеулерде ақын есімі бірнеше нұсқада жазылып жүргені белгілі. Жазуында көне түркіден басталатын тарихы бар, жазуды біршама терең меңгерген мәдениетті ұлт ретінде, ақынның өз жазбаларында қолымен өзі жазған есімін қайтару жөн болар еді. «Біз осылай үйрендік, мен осылай жазамын» деу Елдік санаға сына түсіретінін ескеріп, әдебиет ғылымы мен өнері ауылында сөз ұстаған азаматтар пікірімізді ескерсе, болмаса, «өз сөзім өзімдікі». Шәкерім – Шәкерім – Шаһкәрім, Шаһкерім – деп жазылып жүрген нұсқаларды Абай – Ибраһим есімінің өзгеруімен ұқсатуға келмейді.

Шәкерім – Шәкерім – Шаһкәрім, Шаһкерім – бір есімнің әртүрлі дыбыстық өзгеріске түскен нұсқалары ғана. Мұның мәнісі – Шаһкерім ақын шығармаларының кеңестік кезеңде тар қапаста қамалып, атын атауға рұқсат етілмеген қиыншылық тұсында халық аузында ауызша таралғандығымен байланысты болуы да ықтимал. Атын атап жазуға тыйым салынған тар заманда ауыз-екі тіліміздің заңдылығына сәйкес қалыптасқан Шәкерім – Шәкерім нұсқаларының әдебиетке еніп кетуінің де осындай ішкі себебі бар болар. Ақын шығармаларының түпнұсқасымен танысып, өзінің қолтаңбасымен анықтап ғылыми оң байлам жасау – бүгінгі дамыған мәдени деңгейіміздің бір белгісі болмақ.



«UYA Forum 2021»



Гүлжанат
МАРАТҚЫЗЫ

Алматыда ҚР Үкіметі мен Алматы қаласы әкімдігінің жанындағы креативті индустрияларды дамыту жөніндегі жобалық кеңсесінің қолдауымен 2021 жылғы 28-29 шілдеде, сағат 12.00-ден 19.00-ге дейін Электрондық музыканттарға арналған бірінші халықаралық онлайн-форум өтеді.

Форумның мақсаты: Қазақстандық электронды музыканттар мен саунд-продюсерлерді бір ортаға біріктіру. Осы салада әлемнің үздік спикерлерінен білім алуға мүмкіндік жасау.

Алматы форумында тұңғыш рет музыка нарығының үздік спикерлері бас қоспақ. Оңтүстік астанадамызға Ресей, Украина, АҚШ және Еуропа елдерінің әйгілі диджейлері, саунд-продюсерлері, A&R менеджерлері, радиоутерлер, радиостанциялар мен теледидар өкілдері, басқарма өкілдері креативті индустриялар, электрондық және қазіргі заманғы музыка фестивальдерін ұйымдастырушылар жиналмақ.

Біздің қауымдастық жас таланттарды қолдау үшін құрылған. Біз жаңа ұрпақтың музыка саласында қарқынды дамуы үшін жұмыс істейміз. Басты бағдарымыз – Қазақстаннан көбірек жаңа есімдердің және хиттердің әлемдік сахналардан көрінуіне жағдай жасау.

«UYA Forum 2021» дарындылардың жолынан кедергілерді алып тастайды және музыка өнерін жаңадан бастаушыларға көмек береді. Музыканттар сапалы білім мен дағдыларды тегін алады.

Онлайн-форум аясында қозғалатын тақырыптар:

- Музыкалық жобаны дамыту негіздері.
- Музыканы Қазақстанда және одан тыс жерлерде қалай насихаттауға болады?
- Шет елде музыка индустриясы қалай жұмыс істейді?
- Халықаралық лейблдермен, паблшерлермен байланыс және коммуникация.
- Музыканы монетизациялау: әртіс болғысы келген адам табыс табу үшін істі неден бастауы керек?
- Иманбектің жетістігінің тарихы және оның әлемге әйгілі әртістермен жұмыс тәжірибесі.
- Алматыдағы музыкалық экожүйені дамыту және оны бүкіл Қазақстанға масштабтау.
- Бірінші турды қалай ұйымдастыру керек және ең үлкен музыкалық фестивальдарға қалай қатысуға болады?
- Қазақстандағы креативті экономиканың дамуы.
- Музыка жазу бойынша мастер-сыныптар және басқа да тақырыптар.

Форумға қатысушылар мен спикерлер: диджей және саунд-продюсер Иманбек Зейкенов (Imanbek), сондай-ақ Қазақстан, Ресей, Украина, АҚШ және Еуропа елдерінен басқа да спикерлер. (Толық спикерлер тізімі форумның әлеуметтік желілерінде бірнеше кезеңмен жарияланатын болады).



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Өз мамандығың бойынша ыңғайлы, табысты жұмыс табу оңай емес. Әлемде өткен жылдың сәуір айынан бастап жұмыссыздар саны күрт артқан. Оның себебі де түсінікті. Жаһанды жайлаған коронавирус пандемиясы барлық салаға әсер етпей қоймады. Соған сай халықтың табыс мөлшері де айтарлықтай азайған. Ал олардың қажеттіліктері күн санап өзгеріске ұшырайды. Мұның бәрі елдегі ғана емес, бүкіл әлемдегі еңбек нарығына тікелей қатысты.

Еңбек нарығында әлі күнге дейін бірнеше салада маман тапшылығы байқалады. Ауыл шаруашылығы мамандары, шаштараз, тракторшы, құрылыс саласы, IT маманы, жедел жәрдем қызметкері мамандықтары бүгінгі күні сұранысқа ие мамандықтар. Мамандық қаншалықты сұранысқа ие болса, соншалықты бәсекелестік те болады. Жоғары дәрежелі маман болу үшін сізге уақыт пен белгілі бір деңгейде қабілет қажет. Ал жалақысы көп табысты мамандықтарға бәрінің де барғысы келетіні жасырын емес. Егер сіз болашақ студент болсаңыз немесе табысты мамандықтарды білгіңіз келсе, оқи отырыңыз.

Еліміздегі табысы ең жоғары мамандық киберқауіпсіздік немесе ақпараттық қауіпсіздік саласының мамандары екен. Яғни IT мамандары. XXI ғасыр жаңа технологиялардың дәуірі болғандықтан, осы салаға деген сұраныс та өте жоғары. Дамыған елдердегі ең жоғары жылдық табыс – \$ 105000. Бұл салада көбінесе бағдарламалау тілін жетік меңгерген адамдар жұмыс істейді.

Дәрігер – заман қанша дамып, әлем өзгергенмен, ешқашан сұраныстан түспейтін ерекше мамандық. Әлемдік пандемия бас-талғалы дәрігерлердің мәртебесімен бірге, мамандықтың маңыздылығы да артқаны жасырын емес. Ал табысы жағынан хирург



ең табысты мамандық. Ол саланы оқу үшін де ең кемі он жыл уақыт кетеді. Есесіне, жалақысы да жоғары.

Хирургтан кейінгі екінші табысты медициналық мамандық – **стоматология**. Статистикаға сүйенсек, стоматологиялық қызметке сұраныс алдыңғы жылға қарағанда төрт есеге көбейген. Дүние жүзінде стоматологиялық жекеменшік орталықтардың саны артқанмен, стоматологтар әлі де маңызды рөл атқарады. Ең жоғары жылдық жалақысы – 132 мың доллар. Кәсіби шеберлікке қарай жалақы артып отырады.

Келесі табысты мамандықтардың бірі – **адвокат**. Басқа мамандықтарға қарағанда көп таралған мамандық. Бүгінде қай елді алып қарасақ та, кез келген келісім, маңызды құжатқа байланысты мәселе үшін өз ісін жақсы білетін заңгер немесе адвокат мамандарға сүйенеді. Себебі, құқығының қорғалуы үшін бұл өте маңызды мамандық болып есептеледі. Бұл салада табысты болғыңыз келсе, алдымен тіл меңгеріп, сол елдің заңын жетік

білген жөн. Мықты мамандар айына 4-5 мың доллар табыс табады.

Тәуелсіз мамандық ретінде есептелетін тағы бір табысты сала – **менеджмент және маркетинг саласы**. Жоғары жауапкершілікті талап ететін заманауи салаға соған сай тұрақты табыс беріледі. Соның ішінде жарнама менеджерінің табысы көп. Көптеген фабрикалар, фирмалар, ұйымдар мен компаниялар өз өнімін өткізу үшін оны халыққа ұнамды етіп ұсынуы керек. Жарнаманың жоғары деңгейдегі елдерде дамығаны соншалық, таңқаларлық нәрсе емес. Мұндай мамандықтарға сұраныс та өте жоғары. Маман тұтынушыдан көп ақша алатындай, өнімді шебер ұсынуы керек.

Қысқасы, өз ісінің нағыз маманы болу екінің бірінің қолынан келе бермейді. Жанына жақын мамандықты табу да күрделі жұмыс. Табысты екен деп, жаныңыз қаламайтын жұмысты істеу дұрыс емес.

Бастысы – мамандық таңдаудан жаңылмай, сол салада мол табысқа жету.

ЖҰМЫССЫЗ ЖАСТАР

мамандық бойынша алғашқы жұмысын қалай табады?



Айым
НҮРМАН

Дипломын кәдеге жарата алмағандардың бірі – Нұрилла Саматқызы. Ол былтыр Алматы мемлекеттік сервис және технологиялар колледжін тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу мамандығы бойынша тәмамдаған.

Бір-екі жұмыс орнына барып көрген, бірақ тәжірибесінің жоктығына байланысты орналаса алмаған. Сөйтіп, мейрамханада 200–250 мың теңге жалақыға даяшы болуды тиімдірек деп санаған. Осылайша Нұрилла бір жыл уақытын өткізеді. Бірақ дипломы бола тұра, жанбағы үшін әр жерде жұмыс істеуді жөн көрмеген ол, іздене бастаған. Сұрастыра келе, әлеуметтік желі арқылы жастарға мемлекет тарапынан беріліп жатқан мүмкіндіктің көп екеніне көзі жетеді. Биыл енді неде болса, өз мамандығы бойынша жұмысқа орналасу үшін қам жасауда.

– «Жастар тәжірибесі» бағдарламасына өтініш беру ойымда бар. Соңғы 3 жылда өз мамандығы бойынша еңбек өтілі жоқ болуы керек екен. Барлық талаптарға сай келіп тұрмын, – дейді Нұрилла.

Мамандардың айтуынша, жас мамандардың көпшілігі тәжірибесі болмағандықтан, жұмыссыз жүреді. Мемлекет тарапынан жасалып жатқан қолдаудың барын біреу білсе, біреу білмейді. Жас түлектерге тиімді жобалардың бірі – «Жастар тәжірибесі» бағдарламасы. Дипломы бола тұра жұмыссыз жүрген жастарға биыл ай сайын 80 432 теңге төленеді. Бағдарламаға белгілі бір мамандық бойынша білімі бар 29 жасқа дейінгі жастар қатыса алады. Мемлекеттік бағдарламаның мақсаты – жұмыссыз жүрген азаматтардың мәселесін нәтижелі шешу. Бұл бағдарлама арқылы жас маман оқу орнын аяқтағаннан кейін өз саласына сәйкес мекемеде жұмыс істей алады. 6 ай бойы тәжірибе жинаған маманға мемлекет тарапынан жалақы төленеді. Ал өзін жақсы көрсете білген маманның сол жерде тұрақты жұмыс істеп қалуына мүмкіндігі бар. Бұл мүмкіндікті қалт жібермеуге тырысатын жастардың дені бұл күнде тұрақты жұмысқа орналасқан.

Түлектерді жұмысқа бейімдеу мақсатында ұйымдастырылатын бағдарламаға техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі жоғары оқу орындарын аяқтаған түлектер қатыса алады. Қазіргі уақытта жұмыссыздар жұмыспен қамту орталығына бармай-ақ, Elnbek.kz электрондық биржасына жүгіне алады. Бұл – жұмыс іздеу мен персоналды іріктеуге жәрдемдесу үшін жұмысқа орналастыру бойынша бірыңғай цифрлық алаң. Онда бос жұмыс орындары мен жұмыс іздеушілер туралы ақпарат күн сайын жаңартылып отырады.



МАМАН ПІКІРІ

Диляра ИМАНҚҰЛОВА,
Халықты жұмыспен қамту орталығының басшысы:

– Алматы қаласының Халықты жұмыспен қамту орталығы қазіргі уақытта «Еңбек» бағдарламасы бойынша жұмыспен қамтуды және кәсіпкерлікті дамытуды жүзеге асыруда. Жоба аясында «Жастар тәжірибесі» бағдарламасының арқасында ЖОО мен колледж түлектері таңдаған мамандығы бойынша алғашқы жұмыс тәжірибесін алады. Қала әкімі Бақытжан Сағынтаевтың тапсырмасы бойынша жастар практикасына қатысушылардың жалақысы 25 АЕК-тен 69450 теңгеден 35 АЕК-ке дейін өсті. Біздің жұмыспен қамту орталығының мамандары жастардың жұмысқа орналасуы кезінде туындайтын бірқатар мәселелерді шешуге көмектеседі. Атап айтқанда, қажетті жұмыс тәжірибесін алуға мүмкіндік береді.

Оған қоса, жақында ғана бұрын еш жерде еңбек етіп көрмеген жандарға арналған «Менің алғашқы жұмыс орным» жобасы іске қосылды. Ол туралы толығырақ +7 (727) 310-21-31 нөміріне хабарласып білуге болады.

P.S.:

Биік мақсат қойып, бірнеше жыл көз майын тауысып оқу оқыған жас түлектердің сағын сындырмай, белін буы маңызды. Осы орайда мемлекет тарапынан берілген тиімді мүмкіндіктер жетерлік. Ал бұл жас маманның 6 айда аз-кем тәжірибе жинақтап, өзінің әлеуетін көрсетуге берілген таптырмас мүмкіндік.

Жыл
басынан бері 38 мыңнан
астам жұмыс орны ашылды. Соның
ішінде 17 мың 500 азамат Жұмыспен қамту
орталығы арқылы орналасты.



СУИЦИД

«жасарып» барады

Елімізде адамдардың өз-өзіне қол жұмсауы жиілеп барады. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметінше, Қазақстан суицид жасайтын адамдар саны бойынша әлемде алдыңғы қатарда тұр. Қара тізімге енген Қазақ елінде 2020 жылы 140-тан астам жасөспірім өз-өзіне қол жұмсапты. Ал биыл небәрі алты айда көмелеттік жасқа толмаған 84 жасөспірім өз-өзіне қол жұмсап, өмірмен қош айтысқан.



Серік ЖҰМАБАЕВ

Өткен жылы бір туысымыз ипотекалық несиенен қаланың бір шетінен үй алды. Бірақ сол қуанышы ұзаққа бармады. Арада көп уақыт өтпей-ақ, 7-сыныпта оқитын ұлы 11-сынып балаларының қолынан мерт болды. Қалай дейсіз ғой? Жаңадан келген оқушының мойнына олар «дәстүр» бойынша салық салып, үнемі ақша әкелуді талап етіп қойған. Ал бала ата-анасының үйі ипотекаға алып, соның ақшасын тауып берудің әуресімен жү-

гіріп жүргенін түсінген. Сондықтан үйден көп ақша сұрауға батылы бармайды. Кейде ақша сұраса, ата-ана да ұрсып сала беретін болған. «Соның салдарынан, алғашында балам ауыр соққыға жығылып, үйге кеш оралып жүрді. Мен мұны «шындалу мектебі» ретінде қарап, онша мән бермедім. Ақыры, үздіксіз қорлауға шыдамаған балам асылып өлді. Ержеткен баланы орнынан қозғап, басқа мектепке ауыстыруға болмай-тынын сол кезде түсіндім», — деп егіледі Алмагүл апай.

Ол-ол ма, осыдан біраз жыл бұрын Түркістан қаласына Жаңақорған ауданынан тұр-

мысы сәл төмендеу отбасы көшіп келді. Содан араға екі ай салып әкесі мен қызы бірінен кейін бірі асылып өлді. Ақыл тоқтатқан, 60-тан асқан адамның өз-өзіне неге қол салғаны — жұмбақ. Ал 20 жастағы қызы сол күні анасымен ренжісіп қалғанға ұқсайды. «Көзіме көрінбеші» деген анасының ашулы сөзіне «шынымен де, мені енді көрмейсіндер» деп шығып кеткен қыздың әкесінің артынан кете баратынын кім білген?..

Бұл қайғылы оқиғалармен қазір тиісті органдар айналысып жатыр. Десек те, олар бұл жолы да «жүйке ауруымен ауырған» деген қорытынды шығаратыны анық. Өйткені, суицидтің жұмбақ себебін әлі ешкім ашқан емес.

Осы айдың басында Нұр-Сұлтанда 20-қабаттағы балконнан 14 жастағы жасөспірім құлап кетті. Қайғылы оқиға кезінде анасы үйде болған. Бұдан бөлек, Елордада 22 ақпанда 14 жастағы жасөспірім 16-қабаттағы балконнан құлап, оқиға орнында қайтыс болды.

Қалай тосқауыл қоямыз?

Санамалай берсек, мұндай келеңсіз оқиғалар елімізде жетіп-артылады. Енді оның алдын алу үшін не істеу керек, қалай тосқауыл қоямыз?

Суицидтің көп тіркелу себебі, біріншіден, қоғамның бір формациядан екінші бір формацияға өтуіне байланысты болса, екіншіден, бұған қатаң нарық пен БАҚ-тардағы адамды рухани аздыруға әкеп соқтыратын дүниелер де айтарлықтай әсер етіп отыр. Психолог мамандардың болжамынша, жүйке ауруына шалдыққандар саны қай елде де көп тіркелген жүрек-қан тамырлар ауруын қуып жетіп қалды. «Суицидке әкеп соқтыратын жүйке ауруының алдын алуды мемлекеттік деңгейде шешу керек. Әсіресе, жастар арасындағы суицидке баса назар аударуға тиіспіз. Себебі, суицид барған сайын «жасарып» барады. Қазір білім ошақтарындағы бағдарламаларға психология тақырыбы бойынша дәрістер енгізіле бастады. Енді ұжымдар арасында тренингтер өткізуді қолға алмақпыз. Маман ретінде айтарым, бұл мәселеге немқұрайды қарауға болмайды», — дейді психолог Әбдуәлі Мәмеділ.

Таяуда Қызылорда қаласының құқық қорғаушылары биіктен секіруге бекінген өрімдей қызды аман алып қалды. Мұндай қадамға неліктен барғанын сұраған психологтерге жасөспірім «өзімді отбасыма керексіз сезіндім» деп жауап қатыпты. Жалпы, әлеуметтік педагогтердің айтуынша, соңғы жылдары өңірде тіркелген балалар суицидінің 51%-на отбасылық жанжалдар себеп болған.



Осыдан біраз уақыт бұрын ДДҰ әлемдегі 46 елдегі суицидтік ахуалға зерттеу жүргізген болатын. Біздің ел соның 5-орнын (!) иеленіпті. Әрбір 100 000 адамға шаққанда, өз өмірін өзі қиғандар саны Қытайда — 56, Литвада — 42, Беларусьте — 37, Ресейде — 36, ал Қазақстанда 30 адам шамасында екен.

Экономикалық тоқырау салдары

Халықаралық сарапшылар таратқан мәліметке қарағанда, жер бетінде жыл сайын — бір миллионнан астам, күн сайын 3000-ға жуық адам өз-өзіне қол жұмсайтын көрінеді. Сарапшылар зерттеулері көрсеткендей, суицид соғыс, жол апаты және қылмыс салдарынан болатын өлім-жітімдерді басып озған.

«Қазақстандағы суицид қарқын алған эпидемиялық кезең — 1995–1998 жылдар аралығы», — дейді сарапшылар.

Өткен ғасырда өмір сүрген батыс ғалымы Г.Шорт 1950 жылға дейінгі әлемдік суицидтің тарихын тереңірек зерттеп, бұл дерттің негізінен, экономикалық тоқырау кезінде күш алатынын дәлелдепті. Психолог

Әбдуәлі Мәмеділ де «90-жылдардың орта шенінде доллар құны қатты көтеріліп кеткенде елдегі суицид 20–30 пайызға артты» деп атап өтті. Отандық ғалымдардың зерттеу жұмыстары көрсеткендей, суицид дертінің құрбаны болғандардың тек 4-5 пайызы ғана есепте тұрған болып шыққан. Демек, арамызда бүгін ғана ойнап-күліп жүрген адамның ойда-жоқта ертесіне-ақ келмес сапарға аттанып кетуі ғажап емес.

Қит етсе шыбықпен сабап, жекіріп, балағаттау — жас өскін психикасына ауыр соққы. Ол оған өздігінен төтеп бере алмайды. Отбасының жылуын сезінген жасөспірім өзін қоғамға керек санап, толық тұлға

ретінде сезінеді. Сол себепті, сала мамандары ата-аналарды «баланың бетінен қақпай, белін бу» деген тәмсілді берік ұстануға шақырады. Әйтпесе, үміт күткен ұл мен қыздан көз жазып қалуымыз ғажап емес.

Қалай дегенмен де, камшының сабындай қысқа ғұмырды саналы да, саликалы түрде сүре білуі аса маңызды. Бастысы, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) «Шынайы сабыр — соққының алғашқы тиген сәтіндегі сабыр» дегені қиындықтан шығар жол екенін ұмытпағанымыз жөн. Олай болса, әрбір адам осы айтылғандарды да есте тұтқаны, өз-өзіне қол жұмсау — тығырықтан шығар жол емес екенін білгені жөн.

АЛЕМ ЖӘНЕ ПАНДЕМИЯ

БЕТПЕРДЕДЕН ТІГІЛГЕН ТОЙ КӨЙЛЕГІ

ҚАЗАҚСТАН елінде коронавируспен ауырған азаматтар оңалтудан тегін өте алады. Ем-шара ақысы Медициналық сақтандыру қорының қаражаты есебінен төленеді. Оңалтуға жолдаманы әр адам жергілікті емханасынан алады. Тіпті, шипажайда емделуге де болады. Ол үшін таңдаған орталық медициналық сақтандыру қорымен келісім-шарт жасасқан болуы керек.

Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметінше, халықтың 97 %-ы МӘМС жүйесіне қатысады. Яғни кез келген адам өзіне тиесілі ем-домды дәрігердің жолдамасымен тегін алуға құқылы. Ал биыл еліміз бойынша 620-ға жуық ұйым медициналық оңалту қызметін көрсетуге тапсырыс алған. Оның ішінде 10 өңірде орналасқан 16 санаторий де бар.

ҰЛЫБРИТАНИЯ дизайнері Том Сильвервуд кәдімгі бетпердеден қалыңдық көйлегін тігіпті. Көйлек үйлену тойларына карантиндік шектеулерді алып тастауға үндейді, сонымен қатар қоршаған ортаның ластану проблемасын көрсетеді. Ақ көйлекке қайта өңделген 1500 бетперде қолданылған.



Осы елдің денсаулық сақтау министрі КВИ-мен сырқаттанып қалды. Ол өзінің Twitter парақшасында екі доза вакцина қабылдағанын және өз ағзасында аурудың «жеңіл» белгілері көрініс беріп жатқанын жазыпты. Бас дәрігер аурудың ауыр зардаптарын болдырмау үшін отандастарын екпе алуға шақырған. Бұл елде ересектердің 87%-дан астамы вакцинацияның алғаш-

қы дозасын ектірген, ал екеуін де салдырғандардың үлесі — 67%.

АВСТРАЛИЯ билігі карантин талаптарын тағы да күшейтті. Басты себеп — елде коронавирустың жедел тарап кеткен «дельта» штамы.

Оңтүстік Австралия штатында бір апталық локдаун жарияланып, Виктория штатында шектеулер бір аптаға ұзартылды. Елдегі ең ірі Сидней қаласының халқы бір ай карантинде отыр. Тұрғындарға дүкендер мен емдеу орталықтарына баруға, сондай-ақ далада спортпен шұғылдануға ғана рұқсат беріледі.

ГРЕКИЯ да карантин талаптарын күшейтті. Тамыздың соңына дейін тек екпе алған адамдар ғана мейрамхана, бар, театрлар мен кинотеатрларға бара алады. Елдегі инфекция жұқтырғандардың көпшілігі «дельтамен» сырқаттанғандар. Білік вирустың кең таралып жатқандығын адам аяғы көп жүретін барлар мен мейрамханалардың жұмысынан көріп отыр.

ЛАТЫН АМЕРИКАСЫ жеріндегі жан басына шаққандағы коронавирус жұқтырудың ең жоғары деңгейі Кубада тіркелді. Бұл елде соңғы аптада 1 млн. тұрғынға есептегенде 4 мыңдай адам індетке шалдыққан. Сарапшылар вирустың бұлайша өршуін «дельтамен» байланыстырып отыр. Бір ғана Матансас провинциясында ауруханалардағы жағдай өте ауыр. Әсіресе, мұнда оттегі мен дәрі-дәрмек тапшы көрінеді. Эпидемиологиялық бұлайша ушыққанына ашынған халық бас көтерді. Үкіметтің әрекетсіздігін сынаған жаппай наразылық шеруі бұл елде соңғы 30 жылда болмаған екен.

ФРАНЦИЯ елінде COVID-19 індетінің төртінші толқыны басталды. Осыған байланысты билік жаңа жоспар құрып жатыр. Алдағы тамыз айынан бастап көптеген орында бақылау күшейіп, медицина қызметкерлері үшін вакцина алу міндеттелуі мүмкін. Сарапшылар бұл талаптарды Еуропадағы ең қатаң шаралар деп бағалайды. Тұтынушыларының екпе алғанын тексермеген мекемелерге 45 мың еуро айыппұл салу да көзделуде.

ИЗРАИЛЬ билігі карантин талаптарын бұзғандарға қатысты қылмыстық іс қозғалатындығын ресми мәлімдеді. Қазір бұл елде «дельта» үстемдік құрып тұр. Ауру жұқтырғандар күн санап еселеп артуда. Ресми мәлімет бойынша, ел халқының 58%-ы коронавирусқа қарсы вакцинамен толық егілген. Ал 63%-ы бірінші дозасын алған.

ИОРДАНИЯ мемлекетінде жаңа ережелерге сәйкес, вакцинацияның екі дозасын алмаған мемлекеттік сектордағы кәсіпорындар мен мекемелердің қызметкерлері аптасына екі рет — жексенбі және бейсенбі күндері басшылыққа 72 сағат бұрын жасалған ПТР-тестінің теріс нәтижесін тапсырулары тиіс. (Естеріңізге сала кетейік, бірқатар араб елдерінде аптаның бірінші жұмыс күні — жексенбі, ал соңғысы — бейсенбіге келеді). Осы талаптарды сақтамағаны үшін 100-ден 500-ге дейін иордан динары (біздіңше 60 200-ден 301 100 теңге аралығында) көлемінде айыппұл салынады. Бұл ережелер 5 тамыздан бастап күшіне енеді. 15 тамыздан бастап әкімшілік қызметкерлер мен білім беру мекемелерінің оқытушыларына, сондай-ақ ЖОО студенттеріне де осындай талаптар қойылмақ.

ИРАН жерінде де COVID-19 жұқтырғандар саны өсіп отыр. Вирусты жұқтырғандардың жалпы саны 3,5 млн.-нан асқан. Елдің Денсаулық сақтау министрлігі соңғы 24 сағат ішінде 175 адам қайтыс болғанын жариялады. Бұл елде де «дельта» ие бермей тұрған көрінеді.

Бүгінге дейін Иранда коронавирусқа қарсы 5 891 385 адамға вакцина егілген, оның 2 252 021-і екі дозаны да алған.

ИСПАНИЯ билігі елде коменданттық сағат енгізді. Түнгі сағат 1-ден таңғы 6-ға дейін коронавирус жұқтыру қаупі жоғары аумақтарда далаға шығуға болмайды. Карантин шектеулері Барселонада және әйгілі Ситжес, Салоу және Льюрет-де-Мар курорттарында енгізілген. Бұл шектеулер де сол «дельтаның» әлегі. «Әйгілі» штамм әсіресе, вакцинадан бас тартқан жастар арасында тез тараған.

ИТАЛИЯ мемлекетінде вакциналау қарқыны артып келеді. Елдің 27 млн.-нан астам тұрғыны немесе 12 жастан асқан халықтың 50,2%-ы COVID-19-ға қарсы вакцинацияның екі дозасын да алған. Екпемен ең көп қамтылған халық тобы — 50–59 жас аралығындағы тұрғындар. Одан кейінгі орында 60–69 жас, 70–79 жас және 40–49 жас аралығындағы топтар.

БЕЙЖІҢ қаласының 90%-дан астам тұрғыны коронавирусқа қарсы екпенің толық курсынан өткен. Қазіргі таңда мұнда 250 вакциналау пункті жұмыс істеп тұр. «Синьхуа» агенттігі жазғандай, Қытайда эпидемиологиялық жағдай тұрақты, бірақ «сырттан әкелінетін» жағдайлар мен коронавирус инфекциясының жергілікті өршу қаупі бар.

Әзірлеген Нұр ЖАМАЛ.



COVID-19: АҢЫЗ ЖӘНЕ АҚИҚАТ

ИММУНИТЕТТИ ЖОЙМАЙДЫ



Мессенджерлер мен әлеуметтік желілерде COVID-19-ға қарсы екпе балалардың бойындағы барлық ауруға табиғи иммунитетті жояды, нәтижесінде балалар кез келген, тіпті жай инфекцияларға төтеп бере алмай, олардан өліп кетуі мүмкін екен» деген мәтіндегі бейнеролик таратылуда. Бұл жөнінде ресейлік хирург А.Редько балаларды вакциналаудың мағынасы жоқ, өйткені балалар COVID-19-бен сирек ауырады, ал оны жұқтырған жағ-

дайда, ауру симптомсыз өтеді деп мәлімдеді.

Балалар да ересектер сияқты КВИ-мен ауырады. Бұл туралы ДДСҰ-ның ресми сайтында айтылған. Индет балаларда ересектерге қарағанда көбінесе жеңіл өтеді, бұған қарамастан, олардың да арасында ауыр жағдайлар мен өлім-жітім болады. Демек, балалар да COVID-19 құрбанына айналуы және аурудың қоздырғышы болуы мүмкін. Бүгінгі таңда тек Pfizer/BioNTech шығарған вакцина ғана тиісті зерттеулерден өтті және 12 жастан асқан жасөспірімдерді вакциналау үшін қолданылуда. Клиникалық сынақтарға 12 жастан 15 жасқа дейінгі 2260 жасөспірім қатысты, препаратты салдырған барлық қатысушыда ауруға қарсы иммунитет қалыптасты, бұл жақсы көрсеткіш болып саналады. Вакцинаға елеулі жағымсыз реакциялар, сондай-ақ сынақ барысында егілген адамдарда иммунитеттің бәсеңдеуі туралы хабарланған жоқ. Препараттардың клиникалық зерттеулерінің нәтижелері жақсы нәтиже көрсетуде және вакцинация салдарынан балалардың иммундық жүйесі әлсірейді деуге негіз жоқ деп отыр мамандар.

ӨТІРІККЕ СЕНБЕҢІЗ

Танымал қазақстандық Telegram-арналардың бірінде COVID-19-ға қарсы екпе түрінде адамдарға «иммун тапшылығы егіледі» деген ақпарат тарауда. Биыл күзде екпе алғандардың көбі маусымдық суық тиюге және басқа ауруларға тап болады, бірақ «әлсіреген» иммунитеті оны жеңе алмайды-мыс.

Таратылған хабарламаға сәйкес, вакциналар цитокиндік дауыл тудырып, иммунитетті әлсірететіні сонша, тіпті жай суық тиюдің өзі өлімге әкелуі ықтимал. Бұған ешқандай дәлел жоқ. Цитокиндік дауыл – бұл ағзадағы қабыну реакциясы, ол кезде қандағы цитокиндер деңгейі күрт артады, бұл иммунитеттің өз ағзасының жасушалары мен тіндеріне шабуыл жасауына әкеледі. Қолжетімді деректер вакциналанған адамдар саны көп елдерде

аурудың ауыр жағдайларының күрт төмендегенін дәлелдеп отыр. Сондықтан цитокиндік дауылдың пайда болу қаупі азаяды, өйткені аурудың ауыр түрімен ауыратындар аз. Вакцина алған адамдардың иммунитеті әлсіреп, тіпті жеңіл маусымдық инфекциялармен күресуді тоқтататынына ешқандай дәлел жоқ. Демек, егілген адамдар күзде маусымдық инфекциялардан өле бастайды деген теория ойдан шығарылған. Бүгінгі таңда қолда бар деректер вакцинация деңгейі жоғары елдерде COVID-19 ауыр жағдайларының саны күрт төмендегенін дәлелдейді. Демек, екпенің иммунитетті басып, цитокиндік дауыл тудыратынына ешқандай дәлел жоқ.

Әзірлеген
Айкерім НӘЛДІБЕКОВА.



Емізулі балаға қауіпсіз

ДДСҰ мамандары емізулі баласы бар аналарға коронавирусқа қарсы екпе алуға кеңес беріп отыр. Қысқа мерзімді зерттеулер вакцина алу омыраудағы балаға ешқандай қауіп төндірмейтінін көрсеткен. Сарапшы-мамандар нәрестеге иммунитет сүт арқылы берілетінін айтады.

Сондай-ақ, ДДСҰ өкілдері жүкті әйелдерді вакциналау бойынша басымдыққа ие топтардың қатарына жатқызуды ұсынып отыр. Себебі, бала көтерген әйелдер коронавирус жұқтырған жағдайда оның салдары аса қауіпті болуы мүмкін дейді.



Қан тоқтататын желім

